БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№209 (9527) | 1954 жылғы 20 октябрь Сәрсенбі

Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Италия священнигі Андреа Гаджероға «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру (1-бет).

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Партия ұйымының колхоз өндірісінің ықпалы күшейтілсін! **Е. Фейге.** —Жаңа совхоздарда партиялық-саяси жұмыстардың дәрежесі жоғары болуы керек. **М. Әкімжанов.** —Фермадағы әңгіме (2-бет).

Мақсұт Байсеитов. —Тыңда туған лирика (2-бет).

К. Мұхамедшин. Докучаев атындағы совхозда (2-бет).

МАЛ ҚЫСТАТУҒА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕНУ — КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МІНДЕТ:—**З. Бәйкенов, М. Марышкин, Б. Жақыпов.** —Мал қыстатуға әзір емес. **В. Василевский.** —Мал қыстатуға әзірлік жеделдетілсін. (3-бет).

Р. Уәлиев. —Жас инженер (3-бет).

А. Безденежных. —Жол құрылысында (3-бет).

Н. Сердюк. —Өнім сапасы үшін күрес (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: —**Д. Мұхамедиев.** —«Жүре-бара жұмысты жақсартамыз ғой» дейді (3-бет).

Б. Леонтьев. —Халықаралық шолу (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Жарастықты тұрмыс—совет адамына тән қасиет

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің нәтижесінде елімізде болған орасан зор әлеуметтік өзгерістер совет адамдарының әл-ауқат және мәдени тұрмысын жақсартып қана қоймай, олардың сана-сезімін, адамгершілік бейнесін де өзгертті. Елімізде жүргізілген социалистік құрылыстар нәтижесінде адамдарымызда дүниеге жаңа көзқарас, жаңа мінез-құлық, жаңа ғұрып, дәстүрлер пайда болды.

Адамның дүниеге көзқарасы, мінез-құлқы, дәстүрі өзімен бірге тумайды. Көзқарас, мінез-құлық, дәстүр тәрбие, оқу арқылы, үнемі еңбектену арқылы, еңбек, білім, күрестің көмегімен қыйыншылықтарды жеңу арқылы, капитализмнің адам санасындағы сарқыншақтарына қарсы күресте пайда болады.

Тұрақтылық, еңбек сүйгіштік, қыйыншылықтарды жеңу еркі, социалистік Отанға деген сүйіспеншілік пен жауға деген өшпенділік, жұмыстағы кемшіліктермен сыйыспау, кішіпейілдік пен тәртіптілік еңбек пен қоғам өміріне белсене араласудың арқасында қалыптасады.

Коммунистік партия ескі дүниенің адам санасындағы қалдықтары тез жойыла қоймайды, қайта оған қарсы күрес үнемі және табандылықпен жүргізілмесе, оның жанданып, күшеюі мүмкін, деп ұйретеді.

Ескі дүние қалдықтарының қандай түріне болса да жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары ымырашылдық, төзімділік көрсетпеске тиіс. Ескі дүние қалдығын сарқыншақтардың ішіндегі ең жексұрыны — адамның еңбек өнімділігі мен іскерлік қабілетін төмендетіп, оның кісілік кескінін бұзып жіберетін жаман әдеттердің бірі —маскүнемдік. Маскүнемдік—адамның сана-сезімін топастандырып, жаңаны жасауға және жарқын болашаққа ұмтылған еркін, арман-мақсатын түншықтырып жібереді. Оған ішімдікке салынып, жақсы үміті мен арманын ұмытқан, өзінің өмірін ұсқынсыз етіп алған адамдар өмірінен мысалдар келтіруге болады.

Мәселен, Зейнолла Әминов бір уақытта Булаев аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болып істеді. Маскүнемдікке салынып, совет адамының ар-ұятымен сыйыспайтын әрекеттері үшін ол партия органынан қызметтен шығарылды. Онан кейін Әминов тәлімге уәде беріп, аудандық атындағы мемлекеттік университетінің 4-курсында, екінші ұлы Сабыр 2-курсында оқыйды. Олар — оқу озаттары. Үшінші ұлы Марат Айтқожин қалалық комсомол комитетінде қызмет істейді. Мұрат—9-класта, қызы Нағима 2-класта өте жақсы оқыйды. Мұндай тату, еңбексүйгіш, үлгілі семьяны жұздеп, мыңдап мысалға келтіруге болады.

Егер семья басшылары өзара тату-тәтті тұрмайтын болса, мәселен, семья басшысы әке ішімдікке салынса, ол семьяның өмірінде қуаныш аз болады. Ондай ішімдікке салынған әке жұмыстан үйге келгенде үй ішінің мүшелері, әсресе, балалар үрпиісумен қарсы алып, мұның ақыры балаларда жаман әсер қалдырып қояды. Маскүнемдік үй шаруашылығына орасан нұқсан келтірумен бірге, адамды аздырып-тоздырып, семьяның ыдырауына апарып соғады.

Бізде кейде, завод, колхоз, мектеп коллективінің мүшесі бола тұрса да, кейбір адамдардың ұнамсыз, қоғамымыздың дәстүріне жат қылықтарын көре тұрып, оларға деркезінде қатты ескерту жасамайтын, жат қылықтарын жалғанның жарығына шығарып сынап, жұртшылықтың әйгілеуіне салмайтындар бар. «Біреудің жұмысында ісім қанша!» деген жалған, теріс түсінікпен бұркемеленіп, өз замандасының тағдырына немқұрайдылық көрсетеді. Бұл қате. Коллектив мүшелері бірінің қамын бірі ойластыруға, біріне бірі көмектесуге тиіс. Сондықтан завод пен колхозда, мектепте немесе мекемеде ішімдікке салына бастаған адамды бүкіл коллектив болып жаман, зыянды әдеттерден сақтандыруға, олардан мұлдем безуіне жетісу қажет. Ол үшін маскүнемдікке салынған адамды қатал сынап, оның жаман қылықтарына жұртшылық пікірін қарсы қою керек.

Адамды маскүнемдік және басқа жат қылықтардан сақтап қалатын күшті құрал—еңбек. Қымбат уақытты босқа өткізу, әрекетсіздік адамның пайдасыз нәрселермен алаңдауына мүмкіншілік береді. Олай болса, партия, совет, комсомол ұйымдары бүкіл колхоз, совхоз бен завод, фабрика адамдарын жаппай әлеуметтік өмірге белсене араластырып отыруға міндетті.

Р[illegible]

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

Тың жерлердегі орман алқаптары

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Приурал ауданының Володарский атындағы, Киров атындағы, Петров атындағы колхоздары егін қорғайтын жаңа орман алқаптарын жасай бастады, Чуваш МТС-нің механизаторлары колхоздардың ауыспалы егістерінің жиегінде ондаған гектар орман ағаштарын отырғызуда. Жұмысты ағаш отырғызатын машиналар атқарады.

Облыс колхоздары көктемде 140 гектар жерде орман алқаптарын жасаған болатын. Көзір олар тың игерілетін жерлерде орман алқабын жасау үшін 260 гектар жерге ағаш отырғызуды белгілеуде. Орман шаруашылықтары бұл үшін миллионнан аса шыбық бөлді.

Ауа райының қуаңшылық жағдайында тың жерге ағаш отырғызу жөнінде облыста көптеген тәжрибелер жасалуда. Приурал ауданының Володарский атындағы колхозының маңында ССРО Ғылым академиясы орман институтының тірек пунктінің тәжрибе участогі құрылды. Ғалымдар мұнда колхозшылардың көмегімен орманның дәнді дақылдардың өнімділігін арттыруға қалай әсер ететінін зерттеуде. Облыстың оңтүстік батысында осы институттың Жәнібек стационары жұмыс істейді. Орман өсірушілер Каспий бойының сортаң топырақты ойпатында тәжрибе жасау ретінде 40 гектар жерге әртүрлі бұта ағаш тұқымдарын ықтырма етіп отырғызды.

Тың жерде қалды

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Ертіс бойында өскен бітік егінді жыйнау үшін Украина мен Белоруссиядан келген көптеген комбайншылар мен шоферлер осында тұрақты қоныстануға қалды. Ворошиловград автомобиль тресінің Беловодск, Марков автоколонналарының шоферлері Краснощлык, Коваль, Иваненко, Петрушев, Шарай, Бублик, Тыщенко, Воронкин жолдастар және басқалары «Союззаготтранстың» Семей облысына келген барлық шоферлеріне, жөндеу жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлеріне, сондай-ақ Украина мен Белоруссиядан келген комбайншыларға хат жазып, оларды өздерінен үлгі алуға—Қазақстанда қалып жұмыс істеуге шақырды. Өздерінің хатында [illegible]

Тыңға көшіп келгендерге арналған құрастырмалы үйлер

КОСЕСТЕК (Ақтөбе облысы). (ҚазТАГ). Украинадан көшкендердің алғашқы тобы —114 семья облыста тұрақты қоныстануға келді. Олардың бәрі Степной ауданының колхоздарына орналасты. 21 семья «Авангард» ауылшаруашылық артелінде тұратын болды.

Колхозшылар жаңадан қоныстанушыларды жылы жүзбен қарсы алды. Оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін ауылшаруашылық артелі құрастырмалы 13 үй сатып алды. Көзірдің өзінде сегіз үй құрастырылды. Қоныс аударғандар жеткілікті мөлшерде азық-түлікпен қамтамасыз етілген. Әрбір семьяға 3 центнерден ұн, осыншама картоп пен овощь, көптеген ет, сүт, май берілді. Көшіп келушілердің балалары мектепке оқуға орналасты. Колхоз олардың оқулықтар сатып алуына көмектесті.

Украинадан қоныс аударғандар мұнда алғашқы күндерден бастап-ақ қоғамдық еңбекке кірісті. Павел Анисимович Закровский құрылыс бригадасының бригадирі болып тағайындалды. Иван Васильевич Белозеров өзін адал қызметкер ретінде көрсетті. Ол дірменде астық қабылдаушы болып істейді.

Степной ауданының «Доброволец», «Передовик», Роза Люксембург атындағы «Новый путь» колхоздары және басқалары жаңадан қоныстанушыларға зор қамқорлық жасауда.

Жылқы заводтары тың жерлер игеруде

Қазақстанда 16 жылқы заводы бар. Олар асыл тұқымды жылқылармен қатар сыйыр малын, қой, шошқа және құс өсіреді. 1954 жылға дейін жылқы заводтары қарамағындағы көлемді тың және тынайған жерлерді нашар пайдаланып келді. Партия мен үкметтің елімізде астық өндіруді арттыру туралы қарарларын орындай отырып, жылқы заводтары быйыл тың және тынайған жерлерді жыртуы есебінен дәнді дақылдардың егіс көлемін едәуір ұлғайтты. Олар көктемде және жазда 95 мың гектар жаңа жер көтеріп, жоспарды 38 мың гектар асыра орындады. Көктемде 5.300 гектар тың және [illegible]

Әскер қатарынан босаған жауынгерлер тың жерлерде

ҚОСТАНАЙ, (ҚазТАГ). Совет Армиясының қатарынан босаған біртоп жауынгерлер Москвадан Қостанай облысына келді. Олардың көпшілігі тың жерлерде жаңа элеваторлармен астық қоймаларын салатын «Костанайзаготстрой» тресінде жұмыс істейтін болады. Жаңадан қоныстанушылардың бәріне пәтер берілді, көшіп келу шығындары төленді. Олар қыс қы киммен және отынмен қамтамасыз етілуде.

Бұрынғы 250 жауынгер Қазақстандағы ең қуатты элеватор салып жатқан Қостанай құрылыс монтаждау басқармасында еңбек етіп жүр. Сержанттар Сергей Окороков пен Валентин Федосеев басқарған кірпіш қалаушылар бригадалары астық қоймасын салу жұмыстарында күн сайын екі нормадан орындайды. Әсресе бұрынғы ефрейторлар Черников, Масликов, Сердитов жолдастар, қатардағы солдаттар Харитонов, Жудряшов және Астанин жолдастар ерекше үздік еңбек етуде. Бұлардың әркайсысы айына орта есеппен 1.000 сомнан еңбек ақы табады.

Әскер қатарынан келген көптеген жауынгерлер Қостанай жерінде тұрақты қоныстануды ұйғарды. Олар жеке үй салуға қарыз ақша алуда.

Алтай тауларындағы тәжрибелік егіс даласында

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының егіншілік институтының Өскемендегі тәжрибелік жеміс-овощь егіс даласында үстіміздегі жылғы жұмыс қорытындысы шығарылды. Алтай өлкесінен әкеліп өсірілген қара өріктің «новинка» сортынан тұңғыш рет мол өнім алынды. Қара өрік ағаштары қыстың қаталдығына қарамастан тегіс өсті. Мұның өзі қара өріктің Шығыс Қазақстанның жағдайында перспективті дақыл болып табылатынын көрсетеді. Тошалаған бұрын-соңды болмаған мол өнім —гектарына 12 тоннадан жеміс жыйналды. Үш жылғы тәжрибе Маньчжурия жаңғағы қалалар мен жұмысшы поселкелерін көркейтуге, сондай-ақ облыстың егін қорғайтын орман алқаптарында отырғызуға ойдағыдай пайдалануға [illegible] ағаш екенін көрсетті.

Су электр станциялары механикаландырылуда

Волгада, Днепрде, Камада, Ангарда, Курде және Совет Одағының басқа да өзендерінде ірі су электр станциялары салынып жатыр.

Әрбір құрылыста ондаған миллион жерді қазып шығару, миллиондаған текшеметр бетон салу керек. Еңбекті көп тілейтін бұл жұмыстар жер қазу —97,5 процент, бетон дайындау және салу 98,8 процент механикаландырылған. Құрылыс алаңдарында совет конструкторлары мен машина жасаушылары жасап шығарған мыңдаған механизмдер: экскаваторлар, бульдозерлер, скреперлер, 25 тонналық самосвалдар жұмыс істейді. Құрылыстарда бетонды дайындайтын және қыйыршық құмдарды саралайтын автоматты заводтар, тасты ұсақтайтын заводтар жұмыс істейді.

Ангар және басқа да су электр станцияларының құрылысына Орал машина заводы жасап шығарған шөмішінің сыйымдылығы 14 шаршы метрлі жоғары өнімді адымдағыш экскаваторлар және құрылысшылардан өте жақсы деген баға алған, өнімділігі айына 100 мың текшеметр жер қазуға дейін жететін экскаваторлар пайдаланылуда.

Жұмсақ жерлерді қазу үшін қуатты топырақ сорғыштар қолданылуда.

Автоматты бетонды заводтар Куйбышев, Горький, Каховка құрылыстарында және басқа да су электр станцияларында құрылған. Мұнда цементті, қыйыршық құмдарды және құмды вагондар мен баржалардан түсіруден бастап дайын бетондарды жүк тиейтін орынға бергенге дейінгі өндіріс процестерінің барлығы механикаландырылған.

Мұндай заводтардың өнімділігі, мәселен, Каховка су электр станциясының құрылысында айына жүз мың және одан да көп текшеметр бетон болады. Салыстыру үшін мынаны көрсете кетуге болады, В. И. Ленин атындағы Днепр су электр станциясын салғанда 1930 жыл бойына 500 мың текшеметр бетон дайындалды және салынды, бұл сол кез үшін дүниежүзілік рекорд болды.

Конструкторлар жаңа, бұдан да жетілдірілген механизмдер жасау жолында жұмыс істеуде. Жүкті тек кейін қарай ғана емес, жан-жаққа да өздігінен түсіретін автосамосвалдар жобалануда, бұл жүкті түсіру мерзімін қысқартуға және тездетуге мүмкіндік береді. Вагондар мен баржалардан цементті түсіруді механикаландыру үшін жаңа установкалар қайта жа-

оқу бөліміне мектеп инспекторлігінің қызметіне орналасты. Ол оқу бөлімінде де пайдалы қызмет атқара алмайтын болғандықтан инспекторліктен босатылды. Кәзір оңы аудандық оқу бөлімінің басшылары Еңбекшіқазақ жетіжылдық мектебіне мұғалімдікке жіберген көрінеді. Ал, ол ішімдіктен әлі тартылар емес.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті семья мәселесіне ерекше назар аударады. Өзара түсінісу және көмектесу, достық—советтік семьяның тамаша дәстүрі болып табылады. Семья мүшелерінің өзара түсінісуі және біріне бірінің көмектесуі, бірін бірі қолдауы, жарастықты татулықпен ұғынысқан достық көбінесе семья басшылары —әке мен анаға байланысты. Өзара ұғынысқан тату-тәтті, достықпен өмір сүретін ата-аналары бар семья мүшелерінің өзара тату болатындығы, әлеуметтік міндеттер мен үй ішінің алдындағы борыштарды өтеуде біріне бірінің ойдағыдай көмектесетіндігінің фактілеріне советтік өміріміз бай. Бұл арада бухгалтер Ебен Айтқожин жолдастың үй ішін мысалға алып, үлгі етуге болады. Коммунист Айтқожин жолдастың үй іші әрқашан тату-тәтті тұрады. Ол әйеліне балаларының өзіндей тәрбиешісі, анасы деп қарайды. Сондықтан Айтқожин жолдастың балалары тәрбиелі, кішіпейіл, еңбек сүйгіш болып өсуде. Кәзір оның үлкен ұлы — Нариман Москваның Ломоносов

жерлерде кітапхана, клуб, кино жұмыстарына және адамдарымыздың саяси белсенділігін көтеретін мектеп—жыйналысты алдын-ала әзірлеп өткізу мәселесіне жеңіл-желпі жауапсыздық көрсететіндік бар. Мұндай пыйылдағы жолдастар кітапхана, клуб, кино және жыйналыс өткізу мәселелеріне немқұрайды қарайтындығымен саяси-тәрбие жұмысына, еңбекшілердің саяси белсенділігі мен еңбек өрлеуін арттыра беруге жете мән бермейтіндіктерін аңғармайды.

Ескі дүние сарқыншақтарына қарсы күресте лекциялық насихат жауынгерлік сыйпатта өткізілуі керек. Лекцияның даяр текстін сыпыртып оқып шығу ешкімге ешқандай пайда бермейді. Лекцияның тыңдаушыларға жасайтын ықпалын әсерлі ету үшін жергілікті партия ұйымдары лекцияның жергілікті жердің фактілерімен толықтырылып және ол фактілерге маркстік-лениндік ілім тұрғысынан терең талдау жасауға ерекше назар аударуға міндетті.

Маскүнемдік — адам санасындағы ескі дүниенің сарқыншағы. Партия, совет, комсомол ұйымдары еңбекшілер арасында саяси-тәрбие, үгіт-бұқаралық жұмыстарды ойдағыдай ұйымдастыру және өрістету арқылы ескі дүние сарқыншақтарына қарсы күресті үнемі жүргізе беруге және бұрынғыдан да күшейтуге тиіс.

Италия священнигі Андреа Гаджероға „Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсыру

РИМ. 18 октябрь. (СОТА). 17 октябрьде Римде искусство қызметкерлерінің ассоциация үйінде белгілі қоғам қайраткері, бейбітшілік үшін белсенді күресші священник Андреа Гаджероға «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық тапсырылды.

Ассоциация залына прогрессіл жұртшылықтың көптеген өкілдері, сенаторлар мен депутаттар, мәдениет пен ғылым қайраткерлері, елдің түрлі қалаларынан келген бейбітшілікті қорғау комитетінің актистері жыйналды. Жыйналғандардың итальяндық комитетінің председателі Пьетро Ненни, парламент мүшелері Эмилио Серени, Амброджо Донени, Джулиано Пайетта, Фауста Гулло, профессор Кончетто Маркези, суретші Уго Аттарди және басқалары. Залда, сол сыяқты, ССРО-ның Италиядағы елшісі А. Е. Богомолов, халықтық демократия елдерінің біркатар дипломатиялық өкілдерінің басшылары болды.

Халықаралық Сталиндік сыйлық жөніндегі комитеттің мүшесі профессор Кончетто Маркези Андреа Гаджероның өмір жолы мен қызметі туралы айтты.

Бұдан кейін Пьетро Ненни сөз сөйледі, ол сыйлық Москвада тапсырылуға тиісті екендігін, бірақ итальян үкметінің Гаджероға шетелдік паспорт беруден бас тартқандығын хабарлады. Ненни итальян Үкметінің бұл әрекетін батыл түрде айыптады.

Ненни Халықаралық Сталиндік сыйлық жөніндегі комитеттің Андреа Таджероға «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» Халықаралық Сталиндік сыйлық беру туралы 1953 жылғы 12 декабрьдегі қаулысын естіртті және жыйналғандардың қызу қолшапалақтаумен оған Халықаралық Сталиндік сыйлықтың дипломы мен Алтын Медалін тапсырды.

Андреа Гаджеро жауап сөз сөйледі, оның сөзін жыйналғандар зейін қоя тыңдады.

Трактор жасаушылардың табысы

ХАРЬКОВ, 18 октябрь. (СОТА). Харьковтің трактор құрастыру заводының коллективі Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын лайықты қарсы алу үшін жарыса отырып, еңбекте жаңа табыстарға ие болды.

Бүгін кәсіпорнында жер жыртатын «ХТЗ—7» тракторларын және олардың қосалқы бөлшектерін шығару жөніндегі он айлық тапсырма орындалды. Жыл басынан бері жұмыс істеп тұрған өндіріс алаңында универсальдық ауылшаруашылық машиналары мен қосалқы бөлшектер өткен жылғы осы мерзім ішінде дайындалғанынан екі есеге жуық артық дайындалды.

Кәсіпорнының коллективі бұл табысқа техниканы жақсы пайдалану және озат технологияны өндіріске енгізу нәтижесінде ие болды.

«Қазақстандағы тұрмыс және жұмыс жағдайларымен танысып, сондай-ақ Семей облысында көлемді тың және тынайған жерлер игерілетінін ескеріп, біздер «Союзготтранстың» жергілікті автороталарында қалып, осында жұмыс істеуге, осында көшіп келуге тілек білдірдік».

Патриоттардың көптеген жерлестері олардан үлгі алуда. Облыстың барлық аудандарында Ертіс бойында тұрақты жұмыста қалуға тілек білдіруші патриоттардың саны көбеюде.

Металл мың рет шапшаң балқытылды

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Қазақтың металлургия заводының мартеншілері Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу үшін жарысып, болат қорыту қарқынын үдетуде.

Болат балқытушы Елеман Байғазиев кеше кезекті металды нормадағы 7 сағат 15 минут орнына, 6 сағат 25 минутта қорытып шығарды. Болат қорытудың шебері Иван Голубев бұдан да жақсы табыстарға жетті. Ол кезекті металды графиктегіден біржарым сағат бұрын қорытты. Қорытылған болаттың салмағы нормадағыдан 10 тонна артық болды.

Мартеншілердің жарысында заводтың атақты болат балқытушысы Арген Жүнісов бірінші орында келеді. Ол металды неш табанынан мейлінше көп алуға жетіп, қорытылу мерзімін орта есеппен 25 минут қысқартты. Үстіміздегі жылы мартен цехында жоспардан тыс балқытылған металдың төрттен бір бөлегін Арген Жүнісов балқытты.

Теміртаудың болат қорытушылары жыл басынан бері мың рет шапшаң әдіспен болат балқытты. Олар 3 мың тонна металды үнемделген отынды пайдаланып қорытты.

★

тынайған жерге жыл сайын бидай егілді. Бұл —жоспарда көзделінгендегіден бес есе көп. Егін бітік өсіп, мол өнім жыйналды. Жамбыл облысының Луговой жылқы заводы тыңда өскен егіннен гектарына 18 центнерден, ал Алматы облысының «Дегерес» жылқы заводы жаңа жердегі егіннің әр гектарынан 26 центнерден бидай жыйнады.

Жылқы заводтары игерген 19 мың гектар тың жерге күзде күздік бидай егілді.

Тың және тынайған жерлер онан әрі жыртылуда. Республиканың жылқы заводтарының егіс көлемін 1955 жылдың көктемінде 1953 жылдың басындағыдан үш есеге арттыру белгіленді. Бидай егісінің көлемі 12 мың гектардан 95 мың гектарға дейін ұлғаяды.

(ҚазТАГ).

Қарағандының озат шахталары

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Көмір бассейнінің кәсіпорындарында Ұлы Октябрьдің 37 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы жарыс өрістей түсуде. № 31 шахтаның ізінше № 7, 105 және 12 шахталардың кеншілері онайлық программаны орындағандығы туралы рапорт берді.

№105 шахтаның коллективі жыл басынан бері жоспарға қосымша 15 эшелон көмір шығарды. Шахта кеншілерінің еңбек өнімділігі өткен жылдағымен салыстырғанда 23 процент артты. №12 шахтаның кеншілері жоспардан тыс 18 эшелон отын шығарды. Бұл көмірдің тең жарымынан астамын құрметті шахтерлер Эбугалиев пен Мұхаметжанов жолдастардың комплексті бригадалары өндірді. № 7 шахтаның кірме жолдарынан кеше жоспардан тыс шығарылған 14-інші эшелон көмір жөнелтілді.

Маньчжурия жаңғағын неғұрлым тез тарату үшін тәжрибе участогінің коллективі алдағы жылдың көктемінде Шығыс Қазақстанның шаруашылықтарына бұл ағаштың 15 мың көшетін береді.

Овощь дақылдарын өсірудің бірсыпыра жаңа тәсілдерін сынау жақсы нәтижелерге жеткізді.

Жаңа астық совхоздарын электрлендіру

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Жанадан ұйымдастырылған Комаров астық совхозында электр станция іске қосылды. Тұрғын үйлерде, өндірістік үйлерде, көшелерде Ильич шамы жанды. Балташы Сергеевтің, бас бухгалтер Булаттың, кадр бөлімінің инспекторы Попырконың және басқа жаңа қоныстанушылардың пәтерлерінде радиоқабылдағыштар орнатылды.

Хмельницкий, Орджоникидзе, Өрнек, Краснопресненский және Краснодон шаруашылықтарының электр станциялары тоқ берді.

Қазақстан суретшілері шығармаларының жылжымалы көрмесі

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Мәдениет үйінің фойесінде қазақтың Т. Г. Шевченко атындағы мемлекеттік сурет галлереясының жылжымалы көрмесі ашылды. Қазақстанның живописшілері мен графиктерінің шығармалары экспонатқа қойылған. Келушілер суретші А. Несина мен С. Сухов салған Жамбыл портретінің Ә. Қастеевтың Шоқан Уәлиханов атты үлкен суретінің алдында ұзақ кідіреді. Жас суретші К. Тельжановтың «Жайлауда» деген картинасы, И. Квачонның салған табиғат көріністері және басқа шығармаларына назар аударады.

★



1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Павлодардағы «Октябрь» механикалық заводы тың және тынайған жерлерді игеріп жатқан аудандарға көптеген бензоцистерналарды жіберді. Тек қана үстіміздегі жылдың өткен 5 айы ішінде бұл завод 400-ден аса автобензоцистерналарын дайындап шығарды. Бұл өткен 1953 жылғы өніммен бірдей.

СУРЕТТЕ: (сол жақта) Завод аула сында.

2. Алматы облысының колхоздары өндіріс құрылыстары мен тұрғын үйлер үшін жергілікті материал — қамысты кеңінен пайдалануда.

СУРЕТТЕ: Алматы ауданы, Калинин атындағы колхозда қамыстан салынған екіқатарлы үй.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Колхоз бақшалары мен жүзімдіктерінде

Колхоздарда жеміс дақылдары мен жүзімді көптеп егу жүргізілуде. Тек көктем кезінде ғана 108 мың гектардан астам алаңға жаңа бақшалар, жидектер және жүзімдер егілді. Әсресе Украинада жеміс ағаштары көп егілді.

Күзде еліміздің колхоздарында тағы да 35—40 мың гектар жаңа бақшалар мен жүзімдіктер салу белгіленіп отыр. Орталық облыстарда күзде ағаш егу қызу жүргізілуде. РСФСР-да октябрьде, ноябрьде дәстүрлі «Бақша егу апталығы» өткізіледі. Москва, Воронеж, Калининград және басқа да біркатар облыстарда «Бақша егу айлығы» ұйымдастырылған. Россия федерациясының питомниктері үстіміздегі жылдың күзінде егу үшін 20 миллион жеміс ағаштарын өсірді. Қалалар мен өнеркәсіп орталықтарына жақын орналасқан колхоздар кең алаңға жаңа жеміс бақшаларын салуда. Жемісті тез беретін дақылдар: жүзім, шие, қара өрік, шапталы, жидек ағаштары көптеп таратылуда.

Украинаның және Солтүстік Кавказдың колхоздары жаңғақ ормандықтарын жасауда.

(СОТА).

Орал кеншілерінің табысы

СВЕРДЛОВСК, 18 октябрь. (СОТА). Бүгін «Свердловскуголь» комбинатының кеншілері он айлық программаның есебіне соңғы мыңыншы тонна көмірді берді. Қуатты адымдағыш экскаваторларды қолдану және барлық еңбек процестерін механикаландыру нәтижесінде отын дайындаудың орта тәуліктік мөлшері өткен жылғымен салыстырғанда 5 эшелонға артты. Еңбек өнімділігін арттыру жоспары 5,6 процент көтерілді. Өнімнің өзіндік құнын кемітуден комбинат жоспардан тыс 9 миллион сомнан астам қаржы үнемделді.

Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысты «Волчанскуголь» трестінің бірінші разезінің коллективі бұрынғысынша алда келеді, бұл коллектив Солтүстік Оралдың өнеркәсіп орындарына онбір айлық тапсырмадан тыс ондаған эшелон отын жөнелтті.

Москвада газеттер мен журналдарға жазылу

15 октябрьде Москвада қалалық почта байланыс бөлімдері мен көптеген «Союзпечаттың» газет, журнал киоскелерінде 1955 жылға газеттер мен журналдарға жазылу бастады. Газет, журналдарға жазылу, сол сыяқты, кәсіпорындарында, жаңа құрылыстарда, мекемелер мен астананың оқу орындарының 5 мың пункттерінде ұйымдастырылды.

1955 жылы 40-тан аса жаңа газеттер мен журналдар жарыққа шығады.

(СОТА).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Партия ұйымының колхоз өндірісіне ықпалы күшейтілсін

„Борьба за коммунизм“ колхозы партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысынан

Колхоз коммунистері партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысында ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкметтің белгілеп берген программасының жүзеге асырылуына баса назар аударды. Бүкіл еліміздегі сыяқты «Борьба за коммунизм» колхозы да (Совет ауданы) мемлекетіміздің орасан зор қамқорлығына бөленді. Бұйыл, оның егіс даласында тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде 20-дай қуатты тракторлар жұмыс істейді.

Колхозшы шаруалар МТС механизаторларымен ынтымақтаса жұмыс істеп, жаңа жерлерді игеруде елеулі табыстарға ие болды. Үстіміздегі жылы колхоз 2623 гектар тың жер игеріп, бұл жөніндегі жоспарды 130 процент орындады. Келесі жылдың егісі үшін 6 мың гектардай жер дайындалды. Сонымен қатар, колхозшы шаруалар қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөнінде де бірқатар жұмыс істеді. Өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда быйыл әрбір сауын сыйырдан 240 литр сүт артық сауылды.

Бірақ, колхоз өндірісін өркендетуде қол жеткен кейбір табыстар жұмыстағы елеулі кемшіліктерді бүркемелей алмайды. Үстіміздегі жылы колхоз егіншіліктің мәдениетін арттыра алмады. Осының салдарынан дәнді дақылдардың әрбір гектарынан небары 3,6 центнерден ғана, тың жерлердегі егістен небары 4 центнерден ғана өнім жыйналды. Мұның себебі неде? Коммунист Литвин жолдас өзінің сөзінде, міне, осы мәселеге тоқталды.

—Көктемде тың жерлер уақытында жыртылды. Бірақ, не пайда,—деді ол,—бұл жерлерді жұмыстау, оған тұқым себу тәзгісіз ұзаққа созылды. Сондықтан топырақтың ылғалы кеміп, егістің шығымдылығына кері әсер етті. Бұған колхоз партия ұйымы, партия бюросы да кінәлі. Өйткені, біз агротехникалық шаралардың бұрмалануына жол бердік.

Есеп беру-сайлау жыйналысында коммунистер партия ұйымының ұйымдастыру жұмысы колхоз өндірісі алдында тұрған міндеттерден кенже қалып отырғанын атап көрсетті. Колхоз партия ұйымының бюросы, оның секретары Л. Радионов жолдас партия жыйналыстарында қабылданған қаулылардың орындалуын тексеруді ұйымдастырмады. Мәселен, партия ұйымының егін жыйнау жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі қаулысы ұйымдастыру жұмыстарымен бекітілмеді. Осының салдарынан егістік алаңның әрбір гектарынан бір центнерден астам астықтың ысырапқа ұшырауына жол берілді. Коммунистер Ахметов, Голушко жолдастар өздеріне тапсырылған жұмыс участогін қамтамасыз ете алмады. Коммунист Жұмабаев жолдас өзінің сөзінде осы мәселелерге тоқталып, ұйымдастыру жұмысын барынша жақсартудың қажеттігін айтты.

Колхоз партия ұйымы коммунистердің өндірісте авангардтық роль атқаруына жетісуге немкетті қарап келді. Мұқанов жолдас айтқандай, коммунистер Голушко, Компанец жолдастар еңбекте өнеге көрсете алмады. Алайда, партия бюросының секретары Радионов жолдас бұл жөнінде тиісті шараларды жүзеге асыруды ескермеді. Колхоз председателі Әубаев жолдас басқарма мүшелерінің, егіс бригадалары бригадирлерінің жұмысына жеткілікті бақылау жасамады.

Колхоз партия ұйымының жұмысындағы елеулі кемшіліктердің бірі сол—ол колхозшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізе алмады. Егіс бригадаларында, мал фермаларында ұйымдастырылған әңгімелер мен саяси баяндамалар, жауынгерлік листоктар, көрнекі үгіт көбінесе егіншілер мен мал өсірушілердің алдында тұрған нақтылы міндеттермен байланыстырылмай, жалаң болды.

—Бұқаралық-саяси жұмыстың жалаң жүргізілуіне,—деді Д. Рой жолдас, —партия бюросының секретары Радионов кінәлі. Өйткені, ол үгітшілердің семинар кеңестерін кезінде өткізіп, оларға бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде тиісті нұсқау беріп отырмады. Сондықтан кейбір үгітшілер өздеріне тапсырылған жұмыстың дәрежесінде бола алмады. Партия бюросының жаңа құрамы бұқаралық-саяси жұмыс шаруашылық міндеттерді орындауда табысқа жетудің кепілі екенін өрқашан есте ұстап, үгітшілерді саяси жұмыстың түрлері мен әдістеріне үйретіп отыруға тиіс.

Колхозшы шаруалардың рухани тілегін қанағаттандыруда мәдени-ағарту мекемелері зор роль атқаратыны мәлім. Алайда, оқу үйінің жұмысы колхозшы шаруалардың тілегін қанағаттандырмайды. Оқу үйінің меңгерушісі Чумак жолдас егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру кезінде егіс бригадаларында жиі болу орнына, өзінің жеке басының қамын ойлап, бетімен қыдырып жүрді. Осы себепті колхоз партия ұйымы Чумак жолдасты қызметтен босату жөнінде аудандық мәдениет бөлімінің алдына мәселе қойған болатын. Бірақ, аудандық комсомол комитетінің секретары Мұқашев жолдастың орынсыз қолдауының салдарынан Чумак осы күнге дейін қызметтен босатылмай жүр.

Колхоз коммунистері аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының жұмысы жөнінде бірқатар сын ескертпелер жасады. Аудандық партия комитетінің топ қызметкерлері әлі де болса колхозшылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмысқа, коммунистердің өндірісте авангардтық рольдерін арттыру мәселелеріне жете назар аудармай жүр. Рас, аудандық комитеттің нұсқаушысы Ақжігітова жолдас колхозда жиі болады. Бірақ, ол шаруашылық жұмыстардың уақ мәселелеріне дейін айналысып, партиялық-саяси жұмыстың түйінді мәселелерін ескермейді. Аудандық партия комитетінің секретары Сәдуов жолдас жөнінде де осыны айтуға болады. Ол колхозға келгенде көбінесе жалпылама нұсқау берумен қанағаттанып, партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде колхоз бастауыш партия ұйымына практикалық көмекті мүлдем жеткіліксіз көрсетіп жүр.

Колхоз партия ұйымының есеп беру-сайлау жыйналысы партиялық-саяси жұмысты жақсарту жөнінде шаралар белгіленген қаулы қабылдады, партия бюросының құрамын колхоз өндірісінде өнеге көрсетіп жүрген коммунистер есебінен жаңадан сайлады.

Жаңа совхоздарда партиялық-саяси жұмыстардың дәрежесі жоғары болуы керек

Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру есебінен елімізде астық өндірісін шұғыл арттыру міндеті қойылып отыр. Тусырап жатқан даланы жайқалған егінді алқапқа айналдыру үшін біздің облысымызға да туысқан республикалардан мыңдаған патриоттар келді. Ал, олардың бір бөлегі облысымызда жаңадан ұйымдасқан 12 совхозға орналасып, кезір тың игеруде жемісті еңбек етіп жүр.

Жаңа совхоздардың алдында тұрған шаруалы» және басқа да тақырыптарда баяндамалардың текстері дайындалып, жаңа совхоздарға таратылды. Бұл лекциялар мен баяндамаларды Октябрь ауданындағы Докучаев атындағы совхоз партия ұйымының лекторлар тобы (Мұхамедшин, Гуля, Чурсин жолдастар) жұмысшыларға үнемі оқып отырды.

Жаңа совхоздарда бастауыш партия ұйымдары жанынан үгітшілер коллективі де ұйымдастырылды. Үгітшілер

лып тұрады. Сондай-ақ совхозда бір пәтерлік 8 және төрт пәтерлік 4 үй салынды. Нан пісіретін орын, монша, асхана, магазин үйлерінің құрылысы жүріп жатыр.

Партиялық-саяси жұмыс Тимирязев атындағы және Жданов атындағы совхоздардың партия ұйымдарында да ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Жаңа совхоздарда мәдени-ағарту жұмыстары да жолға қойылуда. Облыстық

Тыңда туған лирика

I. „Шопан көл“

Біздің жаңа совхоздың
Аты, «Бақыт» болған-ды.
Ол төсіне көк боздың
Өзен бойлап қонған-ды.

Кездескенде бізбенен
Айтқан қойшы шал тұрып:
—Күзге қарай бұл өзен
Қалады, деп, сарқылып.

Бір күн кешке барлық жас,
Бас қосып, көп ойландық.
«Қамал жоқ қой алынбас,
Көрейік те қолға алып...»

Арнаға жар тасы бар
Дәрі қойып, от беріп.
Бөккен мыйды ғасырлар
Тастадық біз төңкеріп.

Машинаны, арбаны
Қаптаттық та, тасып құм.
Көл жасадық арналы
Күшіменен жастықтың.

—Ғажап, —дейді, таңданып
Келген қойшы шал тағы.
Дедік: —сізге арнадық,
—«Шопан» атты шалқарды.

—Жас батырлар жасай бер —
Деп қуанды шал күліп, —
Еңбегіннің өзі көл
Сарқылмайтын мәңгілік.

2 Біздің қоста бір қыз бар

Біздің қоста бір қыз бар,
Жүзі нарттай жалынды.
Көз жанары жұлдыз дәл,
Өртегендей жанынды.

Украина болатын.
Оның туған бесігі.
Берген қыял қанатын
Наталка еді есімі.

Участокте көршілес
Көтердік тыңды біз.
Сондықтан да еншілес
Деп ойлаймын сырлы қыз.

Түнғыш рет өмірде
Билеп жұмбақ бір сезім,
Жүрегімнің төрінде
Айтылмаған жұр сөзім.

Қашан болсын көргенде,
Ұйымаймын көзімді.
Білмейді екен ол неге
Өзі сол бір сезімді?

3. Дәрігер Нина

Көк аспандай мөлдіреп,
Ойлы, тұнық жанарың,
Ет жүрегін елжіреп
Басымды ұстап қарадың.

Сырқатыма сездім мен
Ашығанын жаныңның.
Кем көрмейсің өзіңнен
Тыңдағының барлығын

Бердің дәрі асылын
Мейірмен-ақ бауырым.
Осы сәтте басымның
Ұмыттым мен ауруын.

Мақсут БАЙСЕИТОВ.

Тігулі киімдердің

Докучаев атындағы совхозда

Бұдан бірнеше ай бұрын ғана Октябрь ауданының жүздеген километрге созылған кең даласы көрусіз жататын. Жолшыбай соққан жолаушылар мен маңайдағы колхоздың еңбекшілері «шіркін, осынау кең аймақ жатқан бір қазна ғой, егер бұл толық игерілсе еліміз қосымша миллиондаған пұт астық алар еді» деп армен ететін. Халық ойын әрқашан да дәл табатын Коммунистік партия мен Үкметіміз бұрын пайдаланусыз жатқан тың жерлерді игеру, ол үшін жаңа совхоздар ұйымдастыру туралы тарихи қаулы алды. Партияның шақыруы бойынша еліміздің мыңдаған жас патриоттары тың жерлерді игеруге аттанды. Сөйтіп олар бұрын жан баспаған жазықтарда болашақ алып совхоздардың іргесін қалай бастады. Сол совхоздардың бірі —Октябрь ауданындағы Докучаев атындағы астық совхозы.

Совхозға астанамыз Москвадан, Ленинградтан, Украина мен Кубаньнан жүздеген еңбекшілер келді. Олардың ішінде әртүрлі мамандықтың адамдары бар. Бірақ олардың көпшілігі бұрын ауылшаруашылығы жұмыстарымен таныс емес еді. Сондықтан олар мұнда келісімен ауылшаруашылық мамандықтарын меңгере бастады. Совхоз отандық ауылшаруашылық өнеркәсібінің соңғы табысы 9 «С-80» тракторын, 31 «ДТ-54» тракторларын және 28 жүк машинасын алды. Сол сыяқты бұдан басқа да көптеген ауыл шаруашылық машиналарын алдық.

Еліміздің түпкір-түпкірінен келген адамдар алғашқы күннен бастап-ақ ынтымағы күшті, ұйымшыл коллектив құра бастады. Оларды ұйымдастырушылар коммунистер мен комсомолдар және көп жылғы еңбек тәжрибелері бар, өз еңбектерімен жұртшылыққа таныла бастаған адамдар еді. Солардың бірі —№ 1 трактор бригадасының бригадирі Петр Алексеевич Шостак.

Петр Алексеевич Кубаньның көрнекті механизаторларының бірінен саналатын. Ол тың жерлерді игеру жөнінде партия мен үкметтің қаулысымен танысқаннан кейін бұл жауапты участокке баруға тілек білдірді. Петр Алексеевич бізге келген алғашқы күннен бастап-ақ жаңа совхозды ұйымдастыруға белсене қатынасты. Совхоз дирекциясы оған алғашқы ұйымдастырылған бригаданы басқаруды тапсырып, зор сенім білдірді. Оның бригадасы алғашқы борозданы тарту құрметіне де ие болды. Шостак жолдастың бригадасы ұйымшылдықпен жұмыс істей отырып, кезірдің өзінде 4920 гектардан астам тың жер жыртты. Бригада механизаторларының ішінде, әсресе күнделікті тапсырмаларын 140-150 процеттен орындап жүрген тракторшылар Д. Гнездилов, Г. Марушко жолдастар жақсы нәтиже көрсетті.

Тәжрибелі механизаторлардан Владимир Иванченко жолдас басқаратын комсомолжастар бригадасы да қалысқан жоқ. Бригада мүшелері бұрын ауыл шаруашылығы машиналарымен таныс емес Кавказдың мұнайшылары болатын. Легеннен іргесі қалана бастаған құрылыстар маңындағы қайнаған еңбек үлкен бір құрылысты көзге елестетіп, партия мен үкметіміздің еңбекшілерге деген зор қамқорлығын сезіндіреді. Совхозда пәтер үйлер, мәдени орындар мен өндірістік орындар салынып жатыр. Құрылыстылардың жұмыс көрсеткіштеріне де көңіл толарлықтай Совхоздың құрылыстылар коллективі соңғы айдағы күрделі құрылыс жоспарын 242 процент орындады, ал Трофимов жолдас басқаратын штукатуршылар бригадасы өз жоспарын 376 процент орындап шықты. Комсомолец Ткачуктың пеш салушылар бригадасы күнделікті тапсырмаларын 200-240 процеттен орындап жүр.

Құрама үйлерді салуда Бельзер жолдас басқаратын комсомол-жастар бригадасы еңбек үлгісін көрсетуде. Мәселен, оның бригадасы жақында төрт пәтерлі үйді екіжарым жұмыс күні ішінде құрастырып шықты. Бригада күніне 2 тонна нан пісіруге есептелген нан пісіру орнын, асхананың, магазиннің құрылысын аяқтап, пайдалануға берді.

Біздің совхоздың орталық усадьбасы ең жақын темір жол станциясынан 300 километр қашықтықта тұрады. Құрылыс материалдарын тасып жеткізу өте қыйынға соғады. Сондықтан құрылыстылар жергілікті материалдарды көптеп пайдалануды ұйғарған болатын. Кириченко және Васильев жолдастардың басқаруымен арнаулы екі саман жасаушылар звеносы ұйымдастырылды. Звено мүшелері күнделікті жұмыс тапсырмаларын 200 процеттен асыра орындап, звеноның әркайсысы 40 жұмыс күні ішінде 30 мыңнан астам саман дайындады. Мұның өзі бір сегіз пәтерлік, алты төрт пәтерлік, екі екі пәтерлік және онбес бір пәтерлік құрылған үйлердің салынып, пайдалануға берілуіне мүмкіндік туғызды. Жақында клуб үйінің құрылысы аяқталмақ.

Совхозымызда бастауыш мектеп жұмыс істейді. Ноябрь айынан бастап жұмысшы-жастардың кешкі мектебі жұмыс істей бастамақ. Мектептер жаңадан ұйымдастырылған совхоздарға өз еріктерімен келген білімдері толық, маман педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Совхоз жастары өздерінің спорт коллективін ұйымдастырып, футбол, волейбол командаларын құрды. Кезір совхоз усадьбасына ағаштар егіліп, көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде. Совхоз көркемөнерпаздары еңбекшілер арасында концерттер қойып, оларға үнемі кинофильмдер көрсетіп отырылады.

Шаруашылық жұмыстардың табысты жүргізілуі еңбекшілер арасындағы саяси-көпшілік жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуына тығыз байланысты. Сондықтан совхоз партия ұйымы бұл мәселеге көп көңіл бөліп отырады. Бригадаларда жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттері уақытылы шығарылып, оларда жұмысымыздағы жетістіктер мен кемшіліктер үзбей жазылып отырады. Партия ұйымының жанында лекторлар тобы жұмыс істейді. Оның [illegible]

[illegible] міндеттерді ойдағыдай орындап шығуда партиялық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын мазмұнды жүргізудің маңызы зор. Бұл жөнінде бірқатар елеулі шаралар жүзеге асырылды. Жаңа совхоздардың бәрінде де бастауыш партия ұйымдары құрылып, олардың секретарларының құрамы тиісті білімдері бар тәжрибелі партия қызметкерлерімен нығайтылды.

Трактор бригадалары тың көтеруде маңызды буын болып табылады. Сондықтан оларда партия және партия-комсомол топтары ұйымдастырылды.

Жаңа совхоздардың бастауыш партия ұйымдарының жұмысы партия органдарының практикалық көмегін қажет етеді. Осы мақсатпен облыстық партия комитеті үстіміздегі жылы жаңа совхоздардың партия ұйымдары секретарларымен және аудандық партия комитеттерінің совхоздар аймағы жөніндегі секретарларымен екі рет семинар-кеңес өткізді. Онда партия жұмысы жөнінде тәжрибе ауысу мақсатымен кейбір бастауыш партия ұйымдары секретарларының баяндамасы тыңдалды; ауыл шаруашылығы, партия ұйымының ішкі жұмысы, халықаралық жағдай мәселелері жөнінде бірқатар баяндамалар жасалып, лекциялар оқылды. Сонымен қатар ҚКП облыстық комитеті жаңа совхоздардың партия ұйымдарына лекциялар мен баяндамалардың текстерін жіберіп отырды. Мәселен, «Картоп және овощты шаршы-ұялап отырғызу әдісі туралы» лекция, СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының қаулылары жөнінде, орыс,қазақ тілдерінде «ССРО халықтарының достығы [illegible] бұқара халық-саяси жұмысты өндірістің тағдыры шешіліп жатқан жерлерде, трактор бригадаларында, демек, қызу еңбектің қайнаған жерінде жүргізіп келеді. Олар қабырға газеттерін, жауынгерлік листоктарды мерзімінде шығарды және газет оқып, әңгімелер өткізіп отырды. Бастауыш партия ұйымдарына социалистік жарысты кеңінен өрістетуге көмектесті. Мәселен, Хрущев атындағы совхозда еңбек өнімділігін есептеп арттыру жолында өріс алған социалистік жарыста бригаданың көрсеткіштері смена сайын қорытылып отырылады. Бұл совхоздың бастауыш партия ұйымы (секретары Иванов жолдас) совхоз бойынша социалистік жарыс қорытындысын әрбір он күн сайын шығарып отырады да озат трактор бригадаларына ауыспалы вымпел тапсырады. Совхоздарда үздік өндірістік көрсеткіштерге жетіскені үшін 44 тракторшы, тіркеуші және шоферлар аудандық комсомол комитетінің, ал 15 адам кәсіподақтарының облыстық Советінің грамоталарымен наградталды.

Докучаев атындағы совхоздың партия ұйымында (секретары Мухамедшин жолдас) социалистік жарысты кеңінен өрістету жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Осының нәтижесінде көптеген тракторшылар, мәселен, Лобыня, Шостак, Марушко, Азаров жолдастар жұмыс нормаларын 115—130 процент орындауға жетісіп келеді. Бұл совхозда жұмысшылардың мәдени-тұрмыс жағдайларына жете көңіл бөлінген. Өрбір бригадада радиоқабылдағыш, патефон, гармонь, шахмат бар. Газет, журналдар мезгілінде жеткізілуде. Совхоздың партия комитеті [illegible] драма, театр артистерінің, үгіт бригадаларының совхоздарға шығуы жиі ұйымдастырылды. Мәселен, облыстық драма театрының құрамында 22 адамы бар артистер тобы жаңа совхоздарда 29 концерт және спектакльдер қойып берді.

Барлық жаңа совхоздарда кітапханалар ашылды. Олардың кітап қорлары да күннен-күнге молаюда. Мысалы, Украин, Бұлаев және Докучаев атындағы совхоздардың кітапханаларының әрқайсысында 2 мыңнан кітап бар. Дала жұмыстары кезінде жұмысшыларды мәдени қамту үшін жылжымалы кітапханалар ұйымдастырылды.

Жаңа совхоздардың партия ұйымдарының жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Москворецк совхозының бастауыш партия ұйымының секретары Неудахин жолдас бригадаларда, жұмысшылар арасында сирек болады, олардың мәдени-тұрмыс жағдайларымен жете таныспайды. Бұл совхозда бұқаралық-саяси жұмыс, социалистік жарыс мәселелері партия жиналыстарында бірде-бір рет талқыланбаған. Мұнда қабылдаған қарарлардың орындалуына бақылау жоқ. Өндірістік орындар мен тұрын үй құрылыстарының да қарқыны баяу.

Жаңа совхоздардың партия ұйымдары партиялық-саяси, мәдени-ағарту жұмыстарын мықтап жақсартуға тиіс. Өйткені бұл жұмыстарды тиісті дәрежеде жүргізбейінше шаруашылық міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру мүмкін емес.

Е. ФЕЙГЕ,

ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Алғашқы сабақтар

Совет ауданында партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылының алғашқы сабақтары өтіп жатыр. Аудан орталығында құрылған кешкі партия мектептерінде СОКП тарихы жөнінде насихатшы Жумашкин, «Ауылшаруашылық өнімдерін арттыру жолдары туралы» деген тақырыпта Бутенко жолдастар лекция оқыды. Олар лекцияның қызықты болуын көздеп көрнекі құралдарды орынды пайдаланды.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы саяси мектепте де (насихатшысы Ахметова жолдас) алғашқы сабақтар зор ұйымшылдықпен өтуде.

Алайда, ауданның кейбір бастауыш партия ұйымдары жаңа оқу жылын ұйымшылдықпен бастауды қамтамасыз ете алмады. Аудандық атқару комитеті, финанс бөлімі, тұтынушылар одағының қызметкерлерінен 12 адамды біріктіретін СОКП тарихын үйрену жөніндегі негізгі типті үйірменің (екінші оқу жылы) алғашқы сабағы қанағаттанарлық болмады. Оған небары төрт-ақ адам қатысты. Ал, аудандық атқару комитетінің бірде-бір қызметкері алғашқы сабаққа келмей қойды. Сондай-ақ, үйірме насихатшысы Фазылов жолдас та сабаққа дайындықсыз келген. Мұндай жауапсыздық оған өткен оқу жылында да тән еді. Бірақ, аудандық партия комитеті көбінесе қызмет бабымен аудан аралап жүретін оны насихатшылық жұмысқа қамтып, быйыл тағы да үлкен қателік жіберді.

С. ҚАЮМОВ.

Фермадағы әңгіме

Колхоз үгітшісі, оқу үйінің меңгерушісі Разия Сатина хат тасушының келуін әрқашан асыға күтіп, оны құрметпен қарсы алады. Өйткені хат тасушы еліміздің өміріндегі оқыйғаларды, партия мен үкметіміздің саясатын хабарлайтын газет, журналдарды және басқа әдебиеттерді әкеледі.

Соңғы күндердің бірінде үгітші қыз кезекті әңгімеге дайындалып отырғанында, Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКП Орталық Комитетінің 1954—1955 жылдары мал қыстатуға әзірлік және оны өткізу туралы қаулысы жарияланған газетті алды. Сөйтіп ол өзінің жоспарын қайта қарап, бұл жөнінде малшылармен дереу әңгіме өткізуді ұйғарды. Үгітші жоғарыда аталған қаулыны еңалдымен өзі зейін қоя оқып, әңгіменің конспектісін жасады. Конспектіде колхоздағы мал шаруашылығының жайы жөнінде, озат мал өсірушілердің қажырлы еңбектері туралы мысалдар келтірді.

Сөйтіп, үгітші сол күні кешке товарлы сүт фермасына келді.

—Баспасөз бетінде Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКП Орталық Комитетінің мал қыстату маусымына әзірлік және оны өткізу жөнінде арнаулы қаулысы жарияланыпты. Бүгінгі әңгіме осы жөнінде болады,—деді үгітші.

Қаулының мазмұнын түсіндіре келіп, үгітші сауыншылар мен басқа да мал өсірушілерге колхозда мал қыстату маусымына әзірлік жұмыстарының жайы баяндады, бұл жұмыста кездесіп отырған кемшіліктерді дереу жоюдың қажеттігін айтты. Қазақ ССР Министрлер Советі мен ҚКП Орталық Комитетінің қаулысы мал өсірушілердің қызу қолдауын тапты.

—Өткен жылы,—деп бастады өзінің сөзін бақташы М. Атымтаев жолдас,—мал қораларын салуға жете көңіл бөлінбеді. Сондықтан сауын сыйырлар бойдақ малдармен бірге орналастырылды. Өткен жылдың кемшіліктерінен колхоз председателі Жолмұқанов, ферма меңгерушісі Әлғазин жолдастар тиісті қорытынды жасамай отыр. Жазғытұрым басталған мал қорасының құрылысы осы күнге дейін аяқталған жоқ.

Сауыншылар Меңғазина және басқалары мал фермаларына жемшөпті тасу жұмысының қарқыны баяу екенін айтты. Егер колхоз басшылары, деді олар, колда бар көлік күшін дұрыс пайдаланса ,қысқы маусымға кажетті жемшөпті толық тасып үюге болар еді.

Әңгіменің соңында мал өсірушілер мал қораларын жөндеу жөнінде өздеріне қосымша міндеттемелер алып, бұл жұмысты таяудағы күндері аяқтау жөнінде уәде берді.

М. ӘКІМЖАНОВ.

Преснов ауданы. «Сталин жолы» колхозы.

[illegible]

Қазақстан кәсіпшілік одағы Советінің қаулысы бойынша Петропавл қаласында тігулі киімдердің облысаралық көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары кәсіпшілік артельдерінің тіккен бұйымдары қойылды. Көрменің мақсаты кәсіпшілік артельдерінің қысқы, күзгі киімдердің модысын қалай меңгергенін байқау.

Көрмеде «Бірінші май», «9-Май» және «Екпінді» кәсіпшілік артельдері өздері тіккен бас киімдерді, әйелдер мен ерлердің қысқы, күзгі киімдерін, әйел көйлектерінің түрлі фасондарын көрсетті.

Әсресе, Костанай облысының «Бірінші май» кәсіпшілік артелінің коллективі тіккен әдемі әйел көйлектерінің фасондары, ерлер мен әйелдердің қысқы-күзгі пальтолары көрушілердің назарын аударды. Артель коллективі бұл бұйымдарды тігуді айтарлықтай меңгерген.

Жуырда еңбекшілер депутаттары облыстық Советі атқомінің үлкен залында ашылған бұл көрмеге қаланың 2 мыңға жуық еңбекшілері келді. Олар Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары кәсіпшілік артельдерінің соңғы кездегі қол жеткен табыстарын көрді.

Озат жылқышылар

Октябрь ауданындағы Жамбыл атындағы колхоздың колхозшылары жылқышы Қ. Базарбеков жолдасты мақтан етеді. Ол соңғы үш жылдан бері колхоз жылқысын бағып келеді. Ол жылқышы болып істегеннен бері колхозда бірде-бір жылқы шығын болған емес. Оның қажырлы еңбегінің нәтижесінде кәзір колхозда жылқы саны 600-ге жетіп отыр.

Жылқышының табысты еңбегі зор бағалануда. Өткен жылы қосымша еңбекақыға бір жабағы алды. Базарбеков жолдас быйылғы жылы да жылқы өсіруде зор табысқа жетуде.

А. ТӨКЕНОВ.

* * *

Конюхов ауданындағы Ленин атындағы колхоздың жылқысын колхозшылар Вюшков және Макуков жолдастар бағады. Олар 100-ге тарта жылқыны қысы-жазы бірдей бағып, шығынына жол берген жоқ. Вюшков жолдастың еңбегі жоғары бағаланды. Ол жақында Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып келді.

Аталған жылқышылар быйылғы жылы да мал басы шығынына жол бермей, мал қыстатуға үлгілі әзірленуде.

Қ. ҚОЖАХМЕТОВ.

Колхоз электр станциясы

Ленин атындағы колхоз (Октябрь ауданы) жаңа электр станциясын сатып алды. Кәзір колхоз орталығында станция үшін арнаулы орын жабдықталды. Электр станциясы енді аз күннен кейін пайдаланылуға беріледі.

Мұнымен бірге, колхоз басқармасы электр моторын еңбекті көп тілейтін жұмыстарға пайдалану жолдарын қарастыруда. Жаңа электр станциясы колхоздағы адам күшін көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға, онда жұмыс істейтін колхозшыларды басқа жұмыстарға пайдалануға мүмкіндік береді.

Б. ҚАЖЕНОВ.

[illegible] өздерінің қажырлы еңбектері арқасында тракторшылық мамандығын тез меңгеріп алды. Бригадада өздерінің күнделікті тапсырмасын орындамайтын бірде-бір тракторшы жоқ. Иванченко жолдастың бригадасы үстіміздегі маусымда 1488 гектар жақсы жұмысталған пар жыртып, 1397 гектардан астам зябь дайындады. Жақында совхоз бойынша бригадалардың социалистік жарысына қорытынды шығарылып, бірінші орынға ие болған Иванченко жолдастың бригадасына ауыспалы вымпел тапсырылды.

Механизаторлар өздерінің жаз бойғы қажырлы еңбектерінің жемісін де көрді. Олар тың жерге егілген дәннің алғашқы өнімін жыйнады. Быйыл совхозда 850 гектар жерге дәнді дақылдар егілсе, Отанымыз берген жақсы сапалы тұқым, механизаторлардың қажырлы еңбегі егістік алаңның барлық көлемінен жоғары өнім алынуын қамтамасыз етті. Егін жыйнауда күнделікті жұмыс тапсырмаларын 40 гектардан асыра орындаған комбайншы Мельник, Ростов облысы, Гигант МТС-інен совхозымызға көмекке келген комбайншылар Н. Боровлев, Н. Дорохин жолдастар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті.

Совхоз механизаторларының қажырлы еңбегі бізде үнемі жоғары бағаланып, ардақталып отырылады. Олардың көпшілігі кәсіпшілер одағының сыйлықтарымен наградталды. Ал таңдаулы механизаторлар Головко, Насека және басқалары Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып келді.

Бір кездерде адам аяғы баспаған, ұшқан құс пен жүгірген аң қожалық еткен жапан даланың бейнесі адам танымастай болып өзгерді. Кәзір мұнда үлкен астық шаруашылығының негізі салынған. Совхоздың ықшамдап салынған әдемі үйлерден құралған көркем көшелі орталық усадьбасы анадайдан көз тартады. Еңбекшілер тұратын әзір үйлермен қатар салынып бітуге жуық немесе жаңа ғана [illegible] ректоры А. Колтырин, бас агроном Ю. Колтырина, бас инженер В. Чурсин, оқытушы Еремин жолдастар бар. Олар саяси, ғылми, шаруашылық тақырыптарына арналған мазмұнды лекциялар оқып отырады. Мәселен, «Ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөніндегі партия мен үкметіміздің шаралары —жұмысшылар мен колхозшы шаруалар одағын нығайта берудегі маңызды үлес», «Халықаралық жағдай», «Т. Мальцевтің әдісі бойынша жерді өңдеудің жаңа системасы» деген тақырыптарда лекциялар оқылды. Мұндай лекциялар келешекте де көптеп оқылмақ.

Жақында совхозымызға белгілі совет жазушысы Сәбит Мұқанов келді. Ол жұмысшылармен кездескенде бір кездерде өзінің балалық шақтарын өткізген өңірлерде жүргізіліп жатқан ұлы істердің алған әсерлерін айтты. Содан кейін ол өзінің «Өмір мектебі» романы бойынша әзірленіп жатқан кітап оқушылар конференциясын қалай өткізу жөнінде кеңестер берді.

Совхозымыздың шаруашылық жұмыстарын будан әрі табысты жүргізе беруде кездесіп отырған қыйыншылықтарымыз да бар. Кейбір тіркеу машиналары әлі де болса жетіспейді. Ауданның тұтынушылар қоғамы совхоз еңбекшілерін қысқа керекті жылы киімдермен, овощтармен қамтамасыз етуді ескермей келеді.

Совхоз коллективі үстіміздегі жылы 22 мың гектардан астам тың жер көтерді. Тың жер көтеру жұмыстары әлі де жүргізілуде. Біз келесі жылы елімізге 2 миллион пұттан астам астық беруге міндеттіміз. Еңбекшілеріміздің қажырлы еңбегі мен партиямыздың күнбе-күнгі көмегі арқасында бұл міндет те абыроймен орындалады. Бұған біздің толық мүмкіншілігіміз бар.

К. МҰХАМЕДШИН,

Докучаев атындағы астық совхозы партия ұйымының секретары.

Тың және тыңайған жерлерді игерудегі үздік көрсеткіші үшін Докучаев атындағы астық совхозындағы В. Иванченко жолдас басқарған трактор бригадасына ауыспалы вымпел берілді.

СУРЕТТЕ: совхоздың жұмысшылар комитетінің председателі А. Пашков жолдас (сол жақта) В. Иванченко жолдасқа ауыспалы вымпелды тапсырып тұр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мал қыстатуға тыңғылықты әзірлену— кезек күттірмейтін міндет

Мал қыстатуға әзір емес

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарында мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру жөнінде колхоздардың алдына зор міндеттер қойылды. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда Булаев ауданының көптеген малшылары айдан-айға елеулі табыстарға жетіп келеді. Осы кезде алда тұрған негізгі мақсат — мал қыстатуға әзірлік жұмысы ауданның көптеген колхоздарында аяқталуға таяу.

Алайда Стаханов атындағы колхозда мал қыстатуға әзірлік мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Колхоз председателі З. Әбділманов, бастауыш партия ұйымының секретары Б. Меңдібаев жолдастар колхозшылар алдында да, аудандық жиналыстарда да бірнеше рет «мал шаруашылығын өркендетеміз, өнімділігін арттырамыз, бұл істе кемшіліктерге жол бермейміз, қысқа толық әзірленеміз» деп уәде берген болатын. Ал кәзір жағдайды қорытындылап, берілген уәдені тексере келгенде бұл жолдастардың айтқан сөздеріне істері сай емес.

Оның себептерін мына фактілерден де көруге болады: колхоздың шабындық жері де, жайылымы да мол. Мұның өзі мал шаруашылығын емін-еркін өркендетуге болады деген сөз. Бірақ колхозда бұл жұмыстың жайы нашар. Мал далада бағылмастан көбіне қора жанында жатады. Мал өсіру жоспары бірде-бір түліктен орындалмаған. Қарамалдың саны едәуір кеміп кеткен. Ал, қой өсіру жоспары 82 процент ғана орындалды. Сол сияқты, сүт сауудың жылдық жоспарының орындалуы 84 проценнтен аспайды.

Мал шаруашылығы жөнінде Калинин атындағы МТС-тің зоотехниктері колхозға ешқандай көмек көрсетпейді десе де болады. МТС-тің осы колхоздағы зоотехнигі Абкен Исин жолдас колхозға келіп, көмек көрсетудің орнына, көбінесе өзінің үйіндегі шаруашылық жұмыстарымен шұғылданады. Осы сияқты, қарамал фермасының меңгерушісі Айтжан Исин жолдас та фермадағы жұмысты тастап, өзінің жеке шаруашылық мақсаттарымен жарты ай бойы басқа ауданға кетіп қалған.

Колхозда бірде-бір стандартты мал қорасы жоқ. Быйыл бірнеше жаңа қора саламыз деп жоспарлаған еді, мұның бірдебірі орындалмастан тек қағаз жүзінде қалып қойды. Оның себебі, керекті құрылыс материалдары уақытында жеткізілмеді. Арнаулы құрылыссшылар бригадасы ұйымдастырылмады. Ал, шымнан салынған бір бұзау қорасының тек қабырғасы ғана қаланып бітті. Оның төбесі ашық, едендері, терезелері салынбаған. Бұл төл үйінің қашан бітетіні де белгісіз. Ескі бұзау тұратын төл үйінің төбесі салынбастан жатыр. Ескі қоралардың бірде-бірі жөнделген жоқ. Малдың қысқы уақытта тұратын қоралары жеткіліксіз. Бұл жағдайдың барлығы колхоз басшыларына белгілі болса да, олар буған қынжылатын емес.

Колхозда мал азығын әзірлейтін кухня бар еді. Ал, ол әлі күнге жөнделмей жатыр. Колхозда азық буландырғыш, дән үккіш жоқ. Оны іздестіріп табу қарастырылмаған. Осы сияқты сабан турағыш та жөнделместен бұзылып жатыр.

Қоғамдық малға жемшөп дайындау жұмысы да бетімен жіберіліп отыр. Колхоздың шабындық жері түгелдей орылған жоқ. Дайындалған шөп малға жетіспейді. Оның үстіне жоқ шөпті дайындалды деп жалған мәлімет берілген. Мәлімет бойынша 8140 центнер шөп дайындалды делінсе, тексеруде дайындалған шөп 7020 центнерден аспады. Колхоз басшылары шөп шабу жұмысында мүлдем жауапсыздыққа салынған. Шөп шабу жұмысының тоқтатылғанына екі айдан асып кетті. Шөп сүрлеу жоспары небары 64 процент ғана орындалған. Ал, кәзір шөп сүрлеу жұмысы жүргізілмейді. Егіннің сабаны мен топаны маяланбай егін орнында жыйналмастан жатыр.

Колхозда мал өсіру жоспарының орындалмауы және мал қыстатуға әзірлікте елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығы аудандық партия комитетінің Калинин атындағы МТС аймағы жөніндегі секретары Марук жолдасқа әбден белгілі. Бірақ ол колхозға келіп кеткені болмаса, бұл орын алып отырған кемшіліктерді жете білмейді. Ол колхозға келгенде нұсқау, директива берумен ғана істі тындырады, колхоздың мал қыстатуға әзірлігінің барысына терең талдау жасамайды.

Мал қыстату маусымының басталуына санаулы ғана күндер қалды. Мұның өзі колхоз басшыларынан істегі орын алған кемшіліктерді дереу жоюды талап етеді.

«ЛЕНИН ТУЫ» газетінің рейд бригадасы:

З. БӘЙКЕНОВ.

Аудандық Совет атқомінің мал қыстатуға әзірлікті тексеру жөніндегі комиссиясының мүшесі.

Н. МАРЫШКИН.

Калинин атындағы МТС-тің бас зоотехнигі.

Б. ЖАҚЫПОВ.

(Өз тілшіміз).

Ұйымшылдықпен бастаймыз

Ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда біздің бригаданың мүшелері колхоздың басқа бригадаларынан алда келеді. Бригада мүшелері быйылғы көктемгі егіс-Колхозшылардың біразы мал қораларын жөндеуде жұмыс істесе, енді екінші бір бөлегі дайындалған мал азығын қоралар қасына тасуда еңбек етеді. Мұнымен

Үлгілі әзірлік

Соколов ауданындағы Ленин атындағы колхоздың колхозшылары быйыл қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету үшін бірқатар шараларды жүзеге асырды. Соның нәтижесінде колхозда қоғамдық мал басы өткен жылғыдан едәуір көбейіп, оның өнімділігі артты.

Колхозшылар мал шаруашылығын барған сайын өркендету мақсатымен мал қыстатуға тыңғылықты әзірленуде. Олар жаз бойы жемшөп дайындауды үлгілі жүргізді. Колхозда өткен жылға қарағанда быйыл мал азығы 4 мың центнер артық дайындалды. Жемшөп дайындау әлі де жүргізілуде. Мұнда дайындалған мал азығын қоралар қасына тасу ойдағыдай жүргізілуде. Кәзірдің өзінде мал қораларына 3 мың центнердей жемшөп тасылды.

Колхозда егіннің сабаны мен топанын жыйнау, маялау жұмыстарына ерекше назар аударылып отыр. Бұл жұмыс жылқы фермасының меңгерушісі Фролов жолдасқа тапсырылған. Ол сабан мен топанды маялау жұмыстарында жүрген колхозшылардың өнімді еңбек етулеріне жетісін келеді.

Мал қыстату маусымының ұйымшылдықпен өтуі мал қораларының жылы, жайлы болуына тікелей байланысты. Колхоз басшылары бұл іске де жете назар аударып, жаз бойы екі құрылыс бригадасының үздіксіз жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасады. Бұл бригадаларды басқаруға колхозшылар Зверев және Прилипко жолдастар тағайындалған-ды. Олар құрылыссшыларды қажырлы еңбекке жұмылдыра білді. Осының нәтижесінде колхозда 80 басқа арналған стандартты мал қорасының құрылысы аяқталды. Мұнымен бірге колхозда алғашқы рет құс үйі салынды. Жылқышылар бос уақыттарында қамыстан 60 бастық жылқы қорасын салып, пайдалануға берді.

Кәзіргі уақытта колхозшылардың біраз бөлегі ескі қораларды жөндеу, олардың ішін қыйдан тазарту жұмыстарын жүргізуде. Жақын арада бұл жұмыс та аяқталмақ.

Бұл колхоздың колхозшылары мал қыстатуды осындай әзірліктермен қарсы алмақ.

Т. ЕСЕНОВ.

Басшылық жақсартылсын

Мал қыстату —мал шаруашылығын өркендетудің ең жауапты кезеңі болып табылады. Сондықтан да бұл іске барлық жағынан мұқият әзірлік керек. Бірақ Преснов ауданындағы «Новый свет» колхозының (председателі Кокорин, партия ұйымының секретары Жақыпов жолдастар) басшылары бұл іске жеткілікті маңыз бермей келеді. Осы себепті мал қыстатуға әзірлікте елеулі кемшіліктер орын



Жаңадан ұйымдасқан Украина астық совхозында екі қатарлы тұрғын үй құрылысы аяқталып келеді. Үйдің ішкі жұмыстарын В. Ашомка жолдас басқаратын озат құрылыссшылар бригадасы жүргізуде.

СУРЕТТЕ: **А. Кабайло** (сол жақта) мен **В. Дубинин** (оң жақта) терезе рамаларын дайындауда. Құрылыс бригадирі **В. Ашомка** (ортада) жас құрылыс шыларға кеңес беріп тұр.

Суретті түсірген: **А. Розенштейн.**

ЖАС ИНЖЕНЕР

Кіші-гірім жұмыс бөлмесінде қаз-қатар қойылған екі стол тұр. Есік жақтағы столдың бірінде орта бойлы қара торы келген бір жас адам отыр. Ол қолындағы түрлі-түсті карындаштар мен стол үстінде жатқан қағаздарға үңіліп, шебер суреттшідей диаграмма, не картина жасап отырған тәрізді. Сол қолындағы ұзын линейканың бойымен түп-түзу сызықтарды сызып, біресе келмеген жерін өшіріп тастап, біраз ойланып отырып қалды... Ә дегенше болмай іске асыға кіріседі, қайта ойланады, сол сызғандарын көптеген цифрлармен толықтырады. Ол тосынан келіп, қарап тұрған адамға бірден түсіне қоймайтын қыйын схемаларды жасап, өндіріс технологиясына тікелей байланысы бар, жоғары математикалық есептерді шығарып отырған сияқты. Бұл Петропавл темір жол станциясының № 2 сигнал және байланыс дистанциясының инженері Таупық Мухаметрақымов еді.

Ол 1949 жылы Ленинградтағы автоматтық және электро-техникалық институтты бітіріп, Петропавл станциясына электр механигі қызметіне орналаскан болатын. Бұл қызметте бір жарым жылдай істеді. Істе өзінің қабілетін алғашқы жылдан бастап-ақ, көрсете алған Мухаметрақымовты дистанция басшылары осы қызмет бойынша өздігінен істеу үшін Гарбунов және Мамлют участокторіне ауыстырды. Біраз уақыттан соң, ол Петропавл станциясына жол бойында істейтін аға механигі қызметіне жоғарылатылды, ал, 1953 жылдың аяқ шенінде оған инженер атағы беріліп, дистанцияның өзіне қызметке алынды.

Жаңалық ұйымдасқан Украина астық совхозында екі қатарлы тұрғын үй құрылысы аяқталып келеді. Үйдің ішкі жұмыстарын В. Ашомка жолдас басқаратын озат құрылыссшылар бригадасы жүргізуде.

СУРЕТТЕ: **А. Кабайло** (сол жақта) мен **В. Дубинин** (оң жақта) терезе рамаларын дайындауда. Құрылыс бригадирі **В. Ашомка** (ортада) жас құрылыс шыларға кеңес беріп тұр.

Суретті түсірген: **А. Розенштейн.**

Мухаметрақымов жолдастың творчестволық еңбегі мұнымен де бітпейді. Ол білгенін дистанция байланыс мекемесінің қызметкерлеріне жалықпай үйретуде, озат адамдардың істәжрибелерін терең зерттеу, оны көпшіліктің ортақ ісіне айналдыру мәселесімен үнемі шұғылданып келеді. Мысалы, ол жақын арада төртінші околодканың тандаулы электр механигі Иван Александрович Мали-жеке телефон орнатылатын-ды. Буған қаржы да көп жұмсалатын, телефондарды техникалық жағынан пайдалану да қыйынға соғатын. Ал, осындай қашықтыққа тартылған бір сымның бойына ол екі телефон орнатуды ұсынды. Бұл ұсыныс техникалық кеңесте талқыға салынып, өндіріске пайдалы деп танылды. Қабілетті инженердің бұл жаңалық тапқыш ұсынысын өндіріске енгізуінің нәтижесінде, біріншіден, жұмыс процесі көп жеңілдей түссе, екіншіден, 35 мың сомдық мемлекет қаржысы үнемделді. Электр қуатының жұмыс аппаратына диспетчерлік бақылау жүргізуде істеуші адам буған дейін электр қуатын негізгі жолдан, резервте тұрған жолға қосуды, не болмаса оны негізгі жолға қайтадан қосуды екі арада жүгіріп жүріп атқаратын, Мухаметрақымов жолдас бұл жұмысқа да күрделі жаңалық енгізді. Ол электр қуатын автоматтық жолмен іске қосу жөнінде ұсыныс жасап, өндіріске енгізді.

Жаңалық тапқыш инженердің бұл ұсынысы Омск темір жол басқармасында жоғары бағаланды, басқарма бастығының тарапынан оған алғыс жарияланып, ақшалай сыйлық берілді.

Мухаметрақымов жолдастың творчестволық еңбегі мұнымен де бітпейді. Ол білгенін дистанция байланыс мекемесінің қызметкерлеріне жалықпай үйретуде, озат адамдардың істәжрибелерін терең зерттеу, оны көпшіліктің ортақ ісіне айналдыру мәселесімен үнемі шұғылданып келеді. Мысалы, ол жақын арада төртінші околодканың тандаулы электр механигі Иван Александрович Мали-

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

„Жүре-бара жұмысты жақсартамыз ғой“ дейді

Ленин ауданындағы Қарағаш ауылдық Советінің оқу үйі «Орталық» ауылшаруашылық артелінің орталығына орналасқан. Бұрын оқу үйінің жұмыс істейтін арнаулы үйі болатын. Ауылдық Совет басшылары (председателі Тоқтыбаев жолдас) бұл үйді медициналық пунктке босатып беріп, оқу үйін ауылдық Совет үйінің әрі тар, әрі қолайсыз бір бөлмесіне орналастырды. Оқу үйінің меңгерушісі Б. Сағындықова жолдас колхозшыларды мәдениетті қамту жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізе алмай келеді. Оқу үйі жаз бойына колхозшыларға бірде-бір рет ойын-сауық көрсетуді ұйымдастырмаған. Мұнда кітап оқушылар конференциясы, әртүрлі тақырыптарға арнаулы кештер өткізілмейді. Колда бар әдебиеттер жұртшылықтың пайдалануына берілмей, шкафтарда қулыптаулы тұрады. Оқу үйіндегі радиоқабылдағыштың жұмыс істемей қалғанына бірнеше ай болды. Шахмат, дойбы, биллиард сияқты мәдени құралдар әркімнің қолында кеткен.

Сағындықова жолдас оқу үйінің жұмысын шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуді, сол сияқты, озаттардың тәжрибесін және ауыл шаруашылығының соңғы жаңалықтарын насихаттауды дұрыс ұйымдастыра алмай келеді. Оқу үйінде июнь айынан күні бүгінге дейін түрлі тақырыптарға барлығы 14 рет әңгіме өткізіліп, онға жуық жауынгерлік листок шығарылған, ал қабырға газетін шығару және витриналар ұйымдастыру мүлде ұмыт қалған.

—Оқу үйінің жұмысы неге нашар,— деп сұрай қалсаңыз, Сағындықова жолдас шімірікпестен «Жүре-бара бөлек үйге шыққан соң жұмысты жақсартамыз ғой» деп жауап береді.

Ауылдық Совет председателі Тоқтыбаев және аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Адерихин жолдастар Қарағаш ауылдық Советі оқу үйінің жұмысындағы бұл кемшіліктерді дереу жоюдың тиісті шарасын қарастырып, Сағындықова жолдастан колхозшылар арасындағы мәдениағарту жұмыстарын идеялық жоғары дәрежеде жүргізуді талап етуі қажет.

Д. МҰҚАМЕДИЕВ.

ЕҢБЕКШІЛЕР ТІЛЕГІ

Уваковск қардоны Булаев аудандық орман шаруашылығының негізгі ағаш өсіру және құрылыс материалдарын дайындау базасы болып табылады. Мұнда орман шаруашылығы жұмысшыларының көпшілігі еңбек етеді. Аудандық орман шаруашылығының басшылары (директоры А. Хошин жолдас) олардың күнделікті тұрмыс және мәдени қажеттерін үнемі өтеп отыруды ұйымдастыруға тиіс еді. Алайда, олай болмай отыр.

Қардонда еңбекшілердің мәдениетті түрде дем алулары үшін ешқандай жағдай туғызылмаған. Клуб, оқу үйі жоқ.

—Кітап алу үшін 35 километр қашықтықтағы аудан орталығына баруға тура

ті қысқа мерзімде өткізіп, бітік егін өсірді. Олар егін жыйнауды да қысқа мерзімде аяқтап, мемлекетке астықтың көпгеп тапсырылуын қамтамасыз етті. Бұл — бригадада еңбектің дұрыс ұйымдастырылуының нәтижесі.

Бригада мүшелері өздеріне тапсырылған міндетті аброймен орындап келеді. Біздің ауылдан колхозшылардың қатары жылдан-жылға өсе түсуде. Колхозшылар Р. Уәйісов, Ж. Шынтеміров, Р. Аманжолов сыяқтылар өздерінің қажырлы еңбектерімен бригада мүшелерінің зор құрметіне боленуде. Олар ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда үнемі үздік келеді.

Бұл күндері бригада мүшелері мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын жүргізуде.

бірге олар келесі жылдың көктемгі егісіне әзірлік —тұқым дайындау, зябь жырту жұмыстарын жүргізуде. Кәзірдің өзінде бригадада зябь жырту жоспары толығынан орындалды.

Бригада мүшелері өздерінің қажырлы еңбектерімен ауылшаруашылық жұмыстарында үнемі жоғары көрсеткіштерге ие болып, колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымының Ауыспалы Қызыл Туын алды. Олар қол жеткен табысты баянды ете отырып, мал қыстатуды ұйымшылдықпен бастайтын болады.

К. ҒАБДУЛЛИН,
Октябрь ауданы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының егіс бригадасының бригадирі.

Қоралар әзір

Преснов ауданындағы Маленков атындағы колхоздың колхозшылары Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі құрметіндегі жарысқа қосыла отырып, мал қыстатуға әзірліктің қарқынын үдете түсуде.

Колхозшылар шөп шабуды осы күнге дейін қызу жүргізіп келеді. Мұнда 5 кеңалымды шөп машиналары үздіксіз жұмыс істеп, онымен күн сайын 120—130 гектар жердің пішені шабылады. Дайындалған мал азығы қоралар қасына тасылуда. Бұл жұмысқа 12 көлік бөлінген.

Колхозшылар мал қораларын жөндеу, жаңа қоралар салу ісіне ерекше назар аударуда. Мұнда мал қоралары түгелінен жөнделіп болды. Жаңадан 200 бастық шошқа қорасы салынды.

С. ТӨЛЕГЕНОВ.

Мал қыстатуға әзірлік жеделдетілсін

Кәзір әрбір колхоздың мал қыстатуға қандай әзірлік жасап отырғандығына есеп жүргізетін кез.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін жемшөп қорының мол және әртүрлі дайындалуы, малдың жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етілуі қажет екендігі белгілі. Мұның барлығы да осы кезде аяқталып, колхоздарда мал азығы балансасы жасала басталуы керек. Есеп үстінде байқалған жетімсіз жағдайлардың шұғыл реттелуін іске асыру шаралары белгіленуі тиіс.

Мал қыстатуға әзірлікті тыңғылықты жүргізген колхоздар жұмысты осылай ұйымдастыруда. Петропавл ауданы, «Красный пахарь» ауылшаруашылық артелін осындай колхоздар қатарына қосуға болады. Мұнда 1574 тонна жемшөп дайындалып, оның жартысынан көбі мал фермалары жанына жеткізілген. Кәзір бір бұзау үйі және бір стандартты шошқа қорасын салу жұмысы аяқталды. Сондай-ақ бар мал қоралары түгелдей жөндеуден өткізілген. Бұл—ауданның Асанов МТС-і қамтуындағы колхоздарда қолда бар мүмкіншілікті толық пайдалана білген колхоз болып саналады. Ал жағдай МТС-тің басқа колхоздарында бұған мүлде керісінше.

Асанов МТС-і қамтуындағы колхоздар бойынша быйыл 16 мың тонна жемшөп, 2820 тонна сұраздық дайындалуға және жаңадан 26 мал қорасы салынуға тиіс еді. МТС бойынша бұл міндет толық орындалған жоқ. Барлық колхоз бойынша жемшөп дайындау жоспары орта есеппен 40 процент, сұраздық дайындау жоспары 60 процент қана орындалған.

МТС-тің қамтуындағы Буденный атындағы колхозда (председатели Шлыков жолдас) қысқа әзірліктің жағдайы мүлде төзгісіз. Колхоздағы 420 ірі қарамал мен 810 бас қойға 321 тонна ғана жемшөп дайындалған. Бұл жоспардың небары 20 проценті. Мал қыстату жайы осындай хауіп үстінде тұрғанда колхозда 500 центнерден аса шабылған могар және суданка шөптері кіреде, шөмеледе қалған күйінде жауынға тиіп, бүлінуде. Мұны тездеп маялау ісін колхоз басқармасы мүлде ескеретін емес. Ірі сабақты және құнарлы азық дайындау ісі жоғарыдағыдай болса, сұраздық әзірлеу жұмысы онан да нашар. Артель шөп сүрлеу жоспарын небары 20,1 процент қана орындады. Солай бола тұрса да, колхозда сұраздық дайындаудың тамаша қорлары овощь, бақша жемістерінің қалдықтары пайдаланусыз қалды.

МТС қамтуындағы басқа колхоздарда да қысқа дайындық жағдайы осындай. Мысалы, Калинин атындағы колхоз осы уақытқа дейін 736 тонна шөп маяланды деп мәлімет беріп келсе, тексеруде небары 630 тонна ғана ірі сабақты мал азығы дайындалғандығы анықталды. Бұл малды екі ай азықтандыруға ғана жетеді.

Колхоз басқармасы жағдайдың осындай төзгісіз екенін көре тұра, жемшөп қорын жасау ісін ойластыратын емес. Колхоз даласында шабылған жердің орнына шыққан алсын шөп қанша қалың болғанымен колхоз басқармасы мұндай құнарлы мал азығын кәзір де шауып, дайындауға болатындығына көңіл бөлмей отыр.

Асанов МТС-нің қамтуындағы колхоздарда жемшөп қоры жеткіліксіз дайындалуымен бірге, қысқа мал қораларын жөндеу және жаңадан мал қораларын салу істері мүлде нашар жүргізілуде. Мысалы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында (председатели Лячевич жолдас) быйыл төрт стандартты мал қорасын салу жоспарланған болса, әлі күнге бұл құрылыстың бірде-бірі басталған жоқ. Тіпті қолда бар мал қоралары да жөндеуден өткізілмеген. Мұндай жағдай Киров атындағы, Ворошилов атындағы, Буденный атындағы ауылшаруашылығы артельдерінде де кездеседі. Әсресе, бұл колхоздарда жас төлдерді күту ісіне жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Өткен жылы Ворошилов атындағы колхозда жас малдардың, әсресе, жаңа туған бұзауларды қабылдайтын орындардың зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай болмауы және олардың дұрыс жөнделмеуі салдарынан көптеген бұзау шығынға ұшыраған болатын. Солай бола тұрса да, колхоз быйыл жас төлдерге арналған орынды жөндеуден өткізбей, сол қалпында қалдырған.

Мал қыстатуда, мал шаруашылығын өркендетуде мал фермаларын тұрақты кадрлармен қамтамасыз етудің маңызы зор екендігі мәлім. Бірақ, бұл қағида Асанов МТС-і қамтуындағы колхоздарда әлі күнге іске асырылмай келеді. Быйылғы жылдың өзінде Буденный атындағы ауылшаруашылық артелінде 5 сауыншы, 2 бұзау күтуші, ал, Калинин атындағы колхозда товарлы сүт фермасының екі меңгерушісі, 7 сауыншы ауыстырылған. Мал фермаларындағы кадрдың жиі ауысуының ақыры мал қыстатуға әзірліктің нашар жүргізілуіне әкеп соғып отыр.

Ауыл шаруашылығы мамандарының және мал шаруашылығы саласындағы колхозшылардың алдында мал қыстатуға дайындықты шұғыл арада аяқтау міндеті тұр. Бұл үшін кәзіргі кездің әрбір күнін жұмыста жол беріліп отырылған кемшіліктерді тез жою және мүмкіншілігінше жемшөп қорын мол жасау үшін пайдалану қажет.

В. ВАСИЛЕВСКИЙ.

масын Мұхаметрақымов өзін жұмысқа жауапты қарайтын, әр істе, әр уақытта инициативалы, үнемі іздене, үйрене беруге ұмтылатын, өндіріске пайдалы жаңалық ұсыныстарды да таба білетін адам ретінде танытты.

Инженер Мұхаметрақымов бұл дистанцияда соңғы жылдың ішінде өндіріске тиімді бірнеше жаңалық тапқыш ұсыныстар енгізді. Соның бірі мынау: Бұған дейін 100 километрлік жол бойындағы қашықтыққа тартылған сымдарға жекевинның жұмыс тәжірибесін кең түрде жазып, бүкіл коллектив арасына таратты. Сонымен бірге, Мұхаметрақымов қоғамдық жұмыстарға да белсене қатынасады. Ол дистанция партия ұйымы секретарының орынбасары. Үш жылдан бері партия тарихын оқып, үйренетін жоғары типті ұйірмеде насихатшы болып істейді. Міне, жас совет инженерінің өмірі де, өсу жолы да осындай. Ал, оның болашақта өз ісінде табысқа жете беретіндігі сөзсіз.

Р. УӘЛИЕВ.

Жол құрылысында

Облысымызда игерілген тың және тыңайған жерлерде өскен бітік егіннің мол өнімін мемлекеттік дайындау пункттеріне жеткізуге, сондай-ақ, халық шаруашылығына керекті барлық жүктерді тез тасымалдауда автомобиль транспорт жолдарының жақсы болуы шарт.

Солай бола тұрса да, біздің облысымыздың астықты Преснов, Октябрь аудандары арасындағы жол құрылысы өз дәрежесінде болмай, халық шаруашылығына керекті жүктер тиелген автомашиналардың жолда ұзақ жүру, тіпті күн райының қолайсыз жағдайында олардың жолда тұрып қалулары жиі кездесіп келді.

Осындай бөгеттерді болдырмау үшін үстіміздегі жылдың өзінде жол құрылысына мемлекет тарапынан миллиондаған сом қаржы бөлінетіндігі, Қазақ ССР Тас жолдар және автомобиль жолдары министрлігінің өндіріс жолдарын пайдалану бригадалары жедел жұмысқа кірісті.

Солардың бірі — Петропавл—Марьевка жол құрылысында істейтін біздің № 543 жол пайдалану участогі. Бұл участокке үстіміздегі жылы 70 километрлік жолдың көпірлерін түзету, сондай-ақ, оңаң жерлердің жолдарын көтеріп, құм төсеу тағы басқа да жұмыстар жүргізу жүктелген еді.

Құрылыс инженері Иван Городянский жолдас басқаратын бұл участок кәзірдің өзінде 50 километрден астам автомобиль жолындағы көпірлерді жөндеп, жолдың басқа да бұзылған жерлерін түзетіп, құм төседі. Бұл жұмыстарда бульдозерші Крих, тракторшы Сечин, скреперші Эсфельд жолдастардың еңбектері ерекше көзге түсерлік. Олар өздеріне жүктелген өндірістік жоспарды үнемі 100—150 процеттен асыра орындап ,еңбектің тамаша үлгісін көрсетіп келеді.

№ 543 жол пайдалану участогінің барлық инженерлері мен техниктері, басқа да механизаторлары Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысқа ұштасып, өздері қабылдаған көтеріңкі міндеттемелерді аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

А. БЕЗДЕНЕЖНЫХ,
№ 543 жол пайдалану участогінің құрылыс техникі.

Өнім сапасы үшін күрес

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесін лайықты табыстармен қарсы алу үшін, біздің Приешім аудандық кәсіпшілік комбинатының барлық коллективі қажырлы еңбек етіп келеді. Үшінші тоқсан комбинаттың үстіміздегі жылға арналған өндірістік жылдық жоспарды орындаудың ақырғы тоқсаны болды. Сөйтіп, жылдық жоспар мерзімінен үш ай бұрын орындалды. Соның нәтижесінде облыстық атқару комитетінің Ауыспалы Қызыл Туын жеңіп алдық.

Комбинаттағы Адам Красноперов басқаратын тігін цехы жылдық өндірістік жоспарды 1,5 есе артық орындады. Сол сыяқты, жас маман, комсомолка Надежда Головнина басқаратын мебель шығаратын цех, өнімді көп шығаруда және оның сапасын жақсарта беруде едәуір жақсы нәтижелерге ие болды.

Мұнда алдыңғы қатарлы еңбек озаттары үнемі жоғары көрсеткіштерге ие болуда. Мысалы, тігіншілер Верховых, Шиллер, ағаш шеберлері Александр Васюто, Николай Шахнюк, Александр Шитов сыяқты жұмыскерлер өткен 9 айдың ішінде өздеріне міндеттелген норманы екі-үш есе артығымен орындады.

Комбинат коллективі облысымыздың тың және тыңайған жерлерін игеруге келген патриоттар үшін, киім-кешек, төсек-орын тігу заказдарын ойдағыдай орындауда. Көктемде 600 мың сомның жылы киімдерін мерзімінен бұрын тігіп, патриоттардың заказдарын аброймен орындап шықты.

Өткен жылдармен салыстырғанда үстіміздегі жылы өнім шығарудың санымен бірге, сапасы да едәуір жақсара түсті. Комбинат жасап шығаратын шкафтар мен орындықтар, столдар өзіміздің облысымыздың колхоз, совхоздары магазиндерінде сатылумен бірге, көршілес Курган, Тюмень облыстарына да жіберіледі.

Комбинат коллективінің бұл қол жеткен табыстары әлі де жеткіліксіз. Біз жыл аяғына дейін социалистік жарысты өрістете отырып, жоспардан тыс 600 мың сомның өнімін шығаруды ұйғардық. Сондай-ақ, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кеміте беру үшін қолда бар күш-мүмкіншілікті толық пайдаланудамыз.

Н. СЕРДЮК.
Приешім аудандық кәсіпшілік комбинатының директоры.

[illegible] келеді, [illegible] еңбекшілер.

Мұнда кино көрсетілметелі екі айда[illegible] асты. Орман шаруашылығының директо[illegible]ры А. Хошин, жұмысшылар комитетін[illegible] председатели К. Афоньянов, парт[illegible] ұйымының секретары Нефедов жолдас[illegible] кардоғда өте сирек болады, оның өзін[illegible] еңбекшілердің мәдени тілектерімен же[illegible]таныспайды. Соның салдарынан осыд[illegible] екі жыл бұрын қолға алынған оқу ү[illegible]нің құрылысы әлі күнге аяқталған ж[illegible]

Бұлаев орман шаруашылығының ба[illegible]шылары бұдан былай, еңбекшіле[illegible]дің тілектеріне үнемі көңіл бөліп, ола[illegible]дың мәдени қажеттерін өтеуді тыңғылы[illegible]ты ұйымдастырулары керек.

А. ЗАҒЫПАРОВ.

СОТ ЗАЛЫНАН

КІСІ ӨЛТІРУШІЛЕР САЗАЙЫН ТАРТТЫ

Жуырда Преснов аудандық мәдени Үйінде ашық сот болды. Оған станицан[illegible] көптеген еңбекшілері қатысты. Сот [illegible]дында айыпкерлер Карпенко, Игна[illegible] және Бухваловтар отыр.

Осы жылғы 12 августа кешке қар[illegible] Преснов автомобиль ротасының шоф[illegible] Сергей Ваганов машинасы жүруге жа[illegible]май қалған соң, Николаевка селосында[illegible] ауруханаңың қасына келіп тоқтайды. [illegible] жүріп бара жатқан шофер В. Игнатов [illegible] көмекке шақырады. Бұлар екеулеп ма[illegible]наның ақау жерін тапқанмен, оны ж[illegible]гізе алмайды. Бұл арада Игнатов Ва[illegible]новқа тиседі де, екеуі жанжалдасып [illegible]лады. Бұдан кейін басбұзар Игнатов ж[illegible]гіріп клубқа барып, өзінің сыбайласта[illegible] Бухвалов пен Карпенкоға өзінің әлгі[illegible]ғана көрген «қорлығын» шағым ет[illegible] Бұлар бәрі жыйналып кек алу үшін, т[illegible]тап тұрған машинаның қасына келеді [illegible] Ваганов темірмен ұрып, пышақ[illegible] оның арқасына және ішіне жара сала[illegible] сойтіп, ақыры аюандықпен, азаптап [illegible]тіреді.

Сотта кісі өлтіруші Г. Бухвалов [illegible] болып келіп азамат Вагановқа пышақ [illegible]лып, өлтіргенін мойындады. Сол сыяқ[illegible] қанішерлер Игнатов пен Карпенко да [illegible]дерінің қылмыстарын бүркей алмады.

Айыпкер Б. Карпенко 17 жасқа бый[illegible] толды. Оны өткен жылы Петропавл қа[illegible]сының 5-участоктік халық соты мем[illegible]кет және қоғам мүлкін ұрлағаны үш[illegible] 5 жылға соттаған болатын.

Облыстық соттың қылмысты істер [illegible]ніндегі сот коллегиясының көшпелі с[illegible]сиясы Г. Г. Бухваловты және В. Н. [illegible]натовты РСФСР қылмыс заңының 1[illegible] статьясының В пункті бойынша, СС[illegible] Жоғарғы Советі Президиумының 19[illegible] жылғы 30 апрельдегі Указын қолда[illegible] отырып, ең қатаң жаза —ату жазасын[illegible] ал, В. Н. Карпенконы 8 жылға бас ер[illegible]нен айыруға үкім етті.

Залға жыйналғандар сот үкімін қа[illegible]ғаттанғандықпен қарсы алды.

А. ЦОЙ,
Облыстық прокурордың көмекшісі.

Англияның парламент делегациясының Москвадан жүріп кетуі

ССРО Жоғарғы Советінің шақыруы бойынша келген Англияның парламент делегациясы Совет Одағында 16 күн қонақ болды. Бұл уақыт ішінде ағылшын парламентінің мүшелері, Москвадан басқа Ленинградта, Сталинградта, Тбилисиде, Сочиде, Киевте, Свердловскіде және Горьйийде болды. Олар кәсіпорындарында, мекемелерде, оқу орындарында, колхоздарда болды, ССРО-ның және РСФСР-дың министрлерімен, бірқатар министрліктер мен ведомстволардың жауапты қызметкерлерімен, кәсіпорындар мен мекемелердің басшыларымен, қоғам қайраткерлерімен кездесті, жұмысшылармен, қызметшілермен, колхозшылармен әңгімелесті.

16 октябрьде лорд Коулрэйн бастаған ағылшын парламент делегациясы самолетпен Англияға ұшып кетті. ССРО-ның және Великобританияның мемлекеттік жалауларымен безендірілген Внуков аэродромында ағылшын қонақтарын мыналар шығарып салды: ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Председателінің Орынбасары және РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі М. П. Тарасов, ССРО Жоғарғы Советінің Президиумы Секретарының Орынбасары А. Ф. Горкин, ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары К. А. Губин, П. Б. Быков, А. Е. Петрушев, Москва Советінің атқару комитеті председателінің орынбасары Н. И. Бобровников, ССРО Сыртқы Істер министрлігінің протокол бөлімінің меңгерушісі Е. Д. Киселев, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының канцелярия бастығының орынбасары Д. К. Константинов, шетелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамының басқармасы председателінің орынбасары В. Г. Яковлев, шетелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамы басқармасының мүшесі Л. Д. Кислова, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің және шетелдермен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамының жауапты қызметкерлері.

М. П. Тарасов ССРО Жоғарғы Советінің атынан ағылшын қонақтарына арнап сөз сөйлеп, олардың сау-сәлемет болып, қайырлы сапармен қайтуларына тілек білдірді. М. П. Тарасов Англияның парламент мүшелерінің Совет Одағында болуы ССРО мен Великобритания халықтарының арасындағы достық қатынастардың нығайып, дамый беруіне және өзара түсінісушіліктің күшеюіне көмектесетіндігіне сенім білдірді.

Лорд Коулрэйн делегация Совет Одағын аралаған кезде оған көрсетілген ыстық пейілділікті ағылшын делегациясы ешкашан да ұмытпайтынын айтты. Ол делегацияға көрсетілген меймандостық және оны қуанышпен қарсы алғандық үшін алғыс айтты. Біз, деді ол, бір-бірімізді неғұрлым жақсы білуге ұмтылуға тиістіміз. Бұл халықтардың арасындағы достық сезімінің күшеюіне көмектеседі.

Ағылшын парламенті мүшелерінің делегациясын мұнымен бірге Великобританияның ССРО-дағы төтенше және полномочиелі елшісі У. Хэйтер мен ағылшын елшілігінің мүшелері шығарып салды.

(СОТА).

Гарри Поллиттің мәлімдемесі

ЛОНДОН, 15 октябрь. (СОТА). «Дейли уоркер» газеті Гарри Поллиттың 14 октябрьде Лондондағы ереуілге байланысты Великобритания коммунистік партиясы атқару комитетінің атынан жасаған мәлімдемесін жариялады.

«Кәзіргі уақытта Лондон доқшыларының, кеме жөндеу верфтері жұмысшыларының және автобус транспорты қызметкерлерінің жүргізіп отырған тамаша күресі,—делінген мәлімдемеде, —барлық еңбекшілер үшін рухтандырғыш үлгі болып табылады. Материалдық зор қыйыншылықтарды басынан кешіріп отырған ереуіл жасаушылар өз мүдделері үшін ғана емес, сонымен қатар жұмысшы табының барлық топтарының мүдделері үшін күресуде... Ереуілге қатысушылар бүкіл жұмысшы табының толығынан қуаттауына лайықты адамдар олар қуатталуға тиіс те. Бірақ Тред-юниондардың Британиялық конгресінің бас советі үндеместен отыр».

«Кәзіргі ірі ереуіл,—деген одан әрі Поллит,—өздерінің өмір жағдайы төзгісіз болып кеткенін түсініп отырған адамдардың көптен бері шыдамдық көрсетіп сақтап келген ашу-ызасының лап қойып сыртқа тебуінен шығып отыр. Бұл ереуіл жұмысшылар қозғалысының болашақта өрістеуіне зор әсер ете алады. Ол теміржолшыларға, машина жасаушыларға, кеме жасаушыларға және кеншілерге жол көрсетіп отыр. Егер олар жалақының арттырылуын тілейтін болса, онда бұл үшін күресуге тиіс екендіктерін ереуіл көрсетіп беруде. Лондондағы ереуіл жұмысшы қозғалысын біріктіруге берік негіз қалайды»...

Неру мен Хо Ши Миннің арасындағы келіссөздер туралы мазмұндама

ПЕКИН, 18 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің Ханойдағы тілшісі Вьетнам Демократиялық Республикасының президенті Хо Ши Мин мен Индия премьер-министрі Нерудің мазмұндаманың текстін хабарлады. Мазмұндамада былай делінеді: Индия премьер-министрлерінің арасындағы келісімдерде қол жеткен бес принципке толық сенеді және оларды бір жағынан Вьетнам, екінші жағынан Лаоспен Камбоджидің арасындағы қатынастарға да сол сынақты басқа елдермен арадағы

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚАРСЫ АГРЕССИЯЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БҰЛ ӘРЕКЕТТЕР ҮШІН АҚШ СОҒЫС- ТЕҢІЗ ФЛОТЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК ХАТ

«Кореяда соғыстың тоқтатылуы және Индо-Қытайда бейбітшіліктің қалпына келтірілуі нәтижесінде басқа да шешілмеген халықаралық проблемаларды реттеуге және халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге қолайлы жағдай тудырылды. Мұның Азия мен Қыйыр Шығысқа да қатысы бар, өйткені бұл ауданда бейбітшілікті қолдауға зор маңызы бар проблемалар әлі күнге дейін реттелмей қалып отыр. Мұндай аса маңызды проблемалардың бірі Тайвань проблемасы болып табылады, оны АҚШ қарулы күштері Қытайдың суверенді праволарын және тиісті халықаралық келісімдерді бұзып, күшпен басып алып, әлі күнге дейін өздерінің соғыс бақылауына алып отыр.

Тайвань мен Қытай теңіздері ауданындағы жағдайдың соңғы уақытта жақсару жағына қарай өзгермегені былай тұрсын қайта мұның керісінше АҚШ-тың 7-флоты бақылайтын қарулы күштер тарапынан Қытай Халық Республикасына қарсы агрессиялық әрекеттердің жиленуімен байланысты бұл жағдай шиеленісе түсті. Мұның өзі гоминдандық соғыс корабльдері мен самолеттерінің Қытай қалалары мен жағалаудағы аралдарына үнемі жасап отырған арандатушылық шабуылдарынан айқын көрінуде.

Қытай Халық Республикасына қарсы арандату әрекеттеріне АҚШ-тың қарулы күштері —соғыс-теңіз күштері мен соғыс-теңіз авиациясы тікелей қатысуда. АҚШ корабльдері Қытайдың жағалауларында көріне соғыс демонстрацияларын жасап, ҚХР жөнінде арандатушылық әрекеттерді жүзеге асырып отырған чанкайшилік корабльдер мен самолеттерді бүркемелеуде.

Гоминдандық корабльдер мен самолеттер ашық теңізде әртүрлі елдердің сауда кемелеріне қарақшылық шабуылдар жасап, бұл кемелерді басып алып, олардың экипаждары жөнінде өрескел зорлық әрекеттер жасауда.

АҚШ-тың мұндай әрекеттері салдарынан Тайвань мен Қытай теңіздері ауданында туған бұл жағдай осы ауданды Қыйыр Шығыстағы соғыс ошағына айналдырып, бұдан туатын апатты зардаптардың бәріне әкеліп соқтырады.

АҚШ қарулы күштерінің агрессиялық әрекеттері салдарынан бұл ауданда халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігі ісіне елеулі зардаптары тиетін хауіпті жағдай туып отыр. Бұл жағдай үшін АҚШ-тың агрессияшыл топтары тура жауап береді, өйткені олар Кореяда соғыс тоқтатылып, Индо-Қытайда бейбітшілік қалпына келтірілгеннен кейін Тайвань мен Қытай теңіздері ауданын соғыстың жаңа ошағына айналдыруда, бейбітшілікке елеулі қатер төндіріп, халықаралық жағдайды шиеленістіруде.

ССРО делегациясы Қыйыр Шығысқа

Халықаралық шолу

БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕГІ БЕЙБІТШІЛІКТІҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

Дүние жүзіндегі ең ұлы екі державаның —ССРО мен Қытай Халық Республикасының достығы мен одағы адамзаттың ең тамаша тарихи жеңістерінің бірі болып табылады. ҚХР мен ССРО арасында орнап отырған қатынастар —қуатты екі елдің және екі халықтың тең праволылығы мен туысқандық ынтымағының үлгісі, бейбітшілік және бір-бірін көркейту жолындағы ортақ, бірлескен күрестің үлгісі.

Совет —Қытай достығының дүниежүзілік маңызын өткен аптада Пекинде қол қойылған документтер тағы да дәлелдеп берді. Бұл маңызды документтер Қытай Халық Республикасының бес жылдығын мейрамдаумен байланысты Пекинде болған Совет Одағының үкмет делегациясы мен ҚХР үкметі арасында жүргізілген келіссөздердің нәтижесінде жасалды. Келіссөздер-шын ниетті достық және өзара түсінісушілік жағдайында жүргізілді.

ССРО үкметі мен ҚХР үкметінің бірлескен декларациясында совет—қытай ынтымағының мәселелері жөнінде де, сондай-ақ халықаралық мәселелер жөнінде де екі жақтың көзқарасы толығымен бір жерден шығып отырғаны атап көрсетілді. «Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасында орнаған ынтымақтың өмірлік ұлы күшін тәжрибе көрсетті, —делінген декларацияда,—бұл ынтымақ Қыйыр Шығыстағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің сенімді тірегі және жалпыға бірдей бейбітшілікті қолдау ісінде маңызды фактор болып табылады».

Совет Одағы мен Қытай халықтарын жалпыға бірдей бейбітшілігі мен хауіпсіздігі үшін батыл күрес жүргізіп келеді және бұдан былай да батыл күрес жүргізе береді. Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы, делінген бірлескен декларацияда, «Азияның және Тынық мұхиттың елдерімен, сондай-ақ басқа да мемлекеттермен өз қатынастарын бұдан былай да суверенитет пен территорияның тұтастығын өзара құрметтеу, бір-біріне тиіспеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбітшілікпен қатар өмір сүру принциптерін қатаң сақтау негізінде құратын болады, мұның өзі жемісті халықаралық ынтымақты дамытуға кең мүмкіндіктер ашып отыр».

Дүниежүзілік жұмыршылық ССРО мен Қытайдың бұл тарихи декларациясынан екі елдің халықаралық бейбітшіліктің баянды болуын қамтамасыз етуге ұмтылған талабының бейнесін әділікпен көріп отыр. Пекинде қол қойылған документтерде екі ұлы держава бірқатар маңызды, практикалық және нақты қыймылдар жасау жолымен Қыйыр Шығыста жағдайды жақсартуға өздерінің берік бел байлап отырғанын мәлімдеді. Мысалы, Кореяны біріктіру және тәуелсіз болашақта корей мәселесі жөнінде мәселені мемлекеттердің Совет—Қытай мазмұндамалары мен декларациясы сонымен қатар Құрама Штаттардың жаңа Қытайды «қоршау» және «қорқыту» үшін Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессиялық блок құрғанына берілген жауап болып табылады. Бұл жауап Қытай Халық Республикасын социалистік Совет Одағы мен бүкіл бейбітшіл демократиялық лагерьдің жақтап отырғанын көрсетеді». Газет кәзір Азияда «Қытай емес қайта американ агрессиялық саясаты оқшаулатылып отыр» деп атап көрсеткен.

Совет—қытай келіссөздері нәтижелерінің маңызын буржуазиялық баспасөз де атап көрсетуде. Мысалы, Франс Пресс агенттігі батыс дипломаттары «белгіленген қытай—совет ынтымағының көлеміне» қатты таңданды деп хабарлайды. Ал американдық «Вашингтон пост» газеті Совет Одағы мен Қытай арасындағы қатынастарда орнаған мұндай бірлік пен ынтымақта капиталистік дүниеде жетуге болмайды деп қынжылуда.

Совет—қытай достығы мен ынтымағыныңынығаюымен байланысты көптеген буржуазияшыл шолушылар халықтық Қытайды «танымауды», оны БҰҰ-ға «енгізбеуді» көздеген американ саясатын тағы да айыштауда. «Миллионерлер мен соғысқұмарлар тудырған жұртшылық пікірінің ықпалымен Вашингтон үкметі ғана шындыққа тура қараудан бастартып отыр»,— деп мәлімдеген бұл жөнінде Швецияның «Моргон-тиднинген» газеті.

Оның бержағында шетелдік баспасөзде көре алмаған күндестік пыйғылдар да аз емес. ССРО мен Қытай арасында достық пен ынтымақтық нығайып отырғанынан, сонымен қатар Жапонияның өзінің ұлттық мүдделеріне сәйкес социалистік лагерьдегі екі ұлы державамен өз қатынастарын бірқалыпқа келтіре алатынынан реакцияшыл буржуазия қатты қорқады. Бонндық «Генераль-анцейтер» дейтін газет сымақ «Жапонияның коммунистік Қытаймен кең көлемді сауда байланыстарын қайта бастауына әйтеуір бір кедергі келтіруді» арман етуде. Голландиялық «Де телеграф» газеті совет —қытай достығын қалай әлсіретуге болар екен деп қыялдануда.

Н. С. Хрущевтің 30 сентябрьде Пекинде сөйлеген сөзінде: «бейбітшілік жаулары, мейлі, қастық, ойлап есуастана берсін. Ал халықтық Қытай дүниежүзілік тарихтың дамуына барған сайын еселенген ықпал жасап, өзінің тура жолымен алға басып келеді» деген сөздері осы көре алмайтын күндестердің бәріне берілген жауап бола алады.

ГЕРМАН МӘСЕЛЕСІНДЕГІ ЕКІ БАҒЫТ

Халықаралық саясаттағы екі бағыттың қарама-қарсылығы Европада да, Азиядағыдай зор күшпен айқын көрінуде. Демократиялық лагерьдегі барлық елдер, сонымен қатар батысевропалық елдердің ең қалың жұртшылығы қолдап отырған Совет Одағы Германияны біріктіре суверенді, маниияның территориясынан әкету туралы келісімге жетуді және бұл мәселені ешбір кешеуілдетпей, кәзірдің өзінде шешуді Құрама Штаттардың, Англияның және Францияның үкметтеріне тағы да ұсынып отырғанын мәлімдейді». Совет Одағы жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу қажет деп санайды. Бұл мәселе жөнінде келісімге жетуге мүмкіндік бар, деп атап көрсетті В. М. Молотов, сондықтан Совет үкметі «жалпыгерманиялық еркін сайлау туралы мәселе жөнінде Берлин кеңесіне қатысушылар бұдан бұрын жасаған ұсыныстарды, сондай-ақ жаңадан жасалуы мүмкін ұсыныстарды да қарауға өзір екенін білдіреді».

Бірақ соңғы күндердегі фактілер АҚШ-тың билеуші топтарындағылардың өз әскерлерін герман территориясынан әкетуді және Германияда еркін сайлау өткізуді тіпті де ойламай отырғанын көрсетеді. Жуырда Лондонда болған кеңесте АҚШ өкілдері батыстың басқа сегіз елінің дипломаттарымен, бірге оккупациялық әскерлерді Батыс Германияда кәзіргі қасындың аяғына дейін қалдыру жоспарын жасады Лондон кеңесіне қатысушылар қабылдаған қарарлар Батыс Германияны қаруландыруды және онда бұрынғы гитлершіл генералдардың басқаруымен 500 мыңдық армия құруды көздейді, бұл армия агрессияшыл Солтүстік-атлантикалық блоктың қарулы күштерінің «соққы беруші» отрядына айналуға тиіс. Мұндай қарарлардың Европада бейбітшілікке жеткізбейтінін, қайта соғысқа бастайтынын дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен!

Лондон жоспары Францияның Ұлттық жыйналысы қабылдамай тастаған «европалық қорғаныс бірлестігінің» күйреген жоспарының орнына жасалып отыр. Американ дипломатиясы герман милитаристерін қаруландырудың бұл жаңа әдісін қабылдауға Францияның және басқа елдердің өкілдерін мәжбүр ету үшін қысым жасаудың, боспалаудың, қорқытудың барлық құралдарын жұмсап бақты. Айға келгенде, Лондон кеңесінен кейін Англияның консервативтік партиясының конференциясында сөйлеген сөздерге, сондай-ақ Францияның Ұлттық жыйналысында сөйленген үкмет өкілдерінің сөздерінде, егер Батыс Германияны қаруландырудың жаңа жоспарлары қабылданбаған күнде, АҚШ-тың «ашу-ызасының» өте күшті болатыны тура еске салынды.

Француз Ұлттық жыйналысы премьер Мендес-Франстың Лондон қарарларын жүзеге асыру жөнінде онан әрі келіссөздер жүргізуіне әзірше рұқсат беріп отыр. Бірақ бұдан Франция бұл қарарлардың бекітеді деген ұғым тіпті де тумайды. Мендес-Франса «көрсетілген сенім» алдымен барлық буржуазиялық партияларға жасалған американдық қысымның салдары болды. Тіпті Францияның реакцияшыл «Фигаро» газеті Ұлттық жыйналыстағы дауыска қоюды «таңдырға өзінше бір мойын

ген:

«Президент Хо Ши Мин 17 октябрь күні кешке Индияның премьер-министрімен әңгімелесті және олар жалпы мүдделеге байланысты түрде мәселелерді талқылады. Олардың екеуі де Индо-Қытай жөніндегі Женева келісімінің орындалуына мүдделі және президент Хо Ши Мин бұл келісімді орындау үшін халықаралық комиссияға толық көмек көрсетіліп келеді және көрсетіле береді деп премьер-министрді сендірді. Ол қалған барлық мәселелерді Индо-Қытай елдері тәуелсіз өмір сүру үшін және ешқандай қол сұғушылықсыз гүлдену үшін бейбітшілік және ынтымақ рухында шешуге ұмтылып отыр.

Президент Хо Ши Мин Қытай мен қатынастарға да қолдануды тілейді.

Индия премьер-министрі бұл принциптерді қолдану қыйыншылықтар мен хауіптерді жояр еді және түрлі елдердің арасында достық қатынастар мен бейбіт ынтымақтастықты орнатуға көмектесер еді дегенге келісті.

Президент Хо Ши Мин Индияның Вьетнам халқымен ежелгі байланыстары атап көрсетті және болашақта бұл байланыстар қалпына келтірілетіндігіне және нығайтылатындығына сенім білдірді. Индия премьер-министрі мынаған толық келісті: Индияның Вьетнам, Лаос және Камбоджи елдері және халықтарымен қатынасы ұлғайтыла беруге және нығайтылуға тиіс».

Цзинин-Эрлянь темір жолы құрылысында

ПЕКИН, 15 октябрь. (СОТА). Цзинин—Улан-Батор темір жолының Қытай территориясы арқылы өтетін участогінің—Цзинин—Эрлянь темір жолының құрылысшылары совет-қытай келіссөздері туралы хабарды зор өрлеумен қарсы алды. Қазіргі уақытта ұзындығы 300 километрден асатын бұл участокте рельс төсеу, көпірлер мен станция үйлерін салу жұмыстары қызу қарқынмен жүргізілуде. «Гунженьжибао» газетінің бүгінгі хабарына қарағанда, жер қазу және тас қопару жұмыстарының 87 проценті қазірдің өзінде орындалған, көпірлер салудың жалпы жоспары 91 процент орындалған, жалпы көлемі 50 мың шаршы метрден асатын әртүрлі мақсатқа керекті үйлер салынған, ұзындығы 180 километрден асатын жерге темір жол полотносы төселген.

Совет-қытай келіссөздері туралы мазмұндаманың жарияланыуына байланысты болған митингтерде жолдың мыңдаған құрылысшылары ССРО, Қытай Халық Республикасы және Монгол Халық Республикасы арасында экономикалық, мәдени байланыстарды нығайтуға көмектесетін жолдың құрылысын ең қысқа мерзімде аяқтауға міндеттеме алды. Жолдың көптеген участоктерінде құрылыс жұмыстарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы өндірістік жарыс өрістетілді. Жол полотносын төсеушілер тәулігіне полотно төсеуді 20 процент арттыруға міндеттеме алды.

ГДР-дағы сайлаудың алғашқы нәтижелері

БЕРЛИН, 18 октябрь. (СОТА). ГДР Халық палатасы мен Үлкен Берлиннің нәтижелері ресми түрде хабарландырылды.

Үлкен Берлиннің Халықтық өкілдігіне сайлауға 875026 адам, яғни дауыс беруге правосы бар адамдардың 97,7 проценті қатысты. Демократиялық Германияның Ұлттық майданының бірыңғай тізімін жақтап 869265 адам, яғни барлық дауыс берушілердің 99,3 проценті дауыс берді.

5761 дауыс немесе 0,7 процент жарамсыз және бірыңғай тізімге қарсы дауыс берілген деп танылды.

ГДР Халық палатасын сайлауға дауыс беруге правосы бар 12 миллион 86 мың 987 азамат тіркелген еді. Демократиялық Германияның Ұлттық майданының бірыңғай тізімін жақтап 11 миллион 807 мың 497 адам, яғни 99,3 процент дауыс берді.

82 мың 320 дауыс, яғни 0,7 процент жарамсыз және Демократиялық Германия Ұлттық майданының бірыңғай тізіміне қарсы берілген деп табылды.

ГЕРМАНИЯДАҒЫ СОВЕТ СОҒЫС АЗАМАТТАРЫН ГДР ӨКМЕТ ТРИБУНАЛЫ СОТТАҒАН НЕМІС ОРЫНДАРЫНА ТАПСЫРУ

БЕРЛИН, 18 октябрь. (СОТА). ССРО-ның Германиядағы Жоғарғы комиссары Г. М. Пушкин ГДР үкметін тиісті совет органдары түрлі уақыттарда Германиядағы Совет әскерлеріне қарсы қылмыс жасағандары үшін сотталған және қазір ГДР территориясында жазаларын өтеп жүрген неміс азаматтарын Герман Демократиялық Республикасы өкмет орындарының қарауына тапсыру туралы қарар қабылдағанын хабарлады.

Герман Демократиялық Республикасының үкметі бұл қарарға байланысты Совет Үкметіне алғыс білдірді.

ПОЛЬШАДА СОВЕТ КИНОФИЛЬМДЕРІ ФЕСТИВАЛІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

ВАРШАВА, 18 октябрь. (СОТА). Польша Халық Республикасының қалалары мен селоларында совет кинофильмдерінің жетінші фестивалі аяқталды. Фестиваль кезінде көрсетілген совет кинокартиналарын елдің жұртшылығы қызыға көрді. Фестиваль кезінде совет кинофильмдерін 23500 мыңнан астам адам көрді, мұның өзі өткен жылға қарағанда біржарым миллион артық.

бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер төндіретін мұндай жағдай осы шұғыл және маңызды мәселені жаңа пункт ретінде Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізуге негіз болады деп санайды».

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚАРСЫ АГРЕССИЯЛЫҚ ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ ЖӘНЕ БҰЛ ӘРЕКЕТТЕР ҮШІН АҚШ СОҒЫС-ТЕҢІЗ ФЛОТЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖОБАСЫ

«Бас Ассамблея,

Соңғы уақытта Кореяда бейбітшіліктің тоқтатылуы және Индо-Қытайда бейбітшіліктің қалпына келтірілуі нәтижесінде бас қа да шешілмеген халықаралық проблемаларды реттеу және халықаралық шиеленісті онан әрі бәсеңдету үшін қолайлы жағдай туғанын атап көрсетіп,

Тайвань аралы мен Қытай теңіздері ауданында Құрама Штаттар бақылайтын қарулы күштер тарапынан агрессиялық әрекеттер жасалып отырғанын, мұның өзі Қытайдың қалалары мен жағалаудағы аудандарына арандату мақсатымен қарулы шабуылдар жасаудан көрініп отырғанын, бұл қарулы күштердің осы ауданды соғыстың жаңа ошағына айналдырып, бейбітшілікке елеулі қатер төндіріп отырғанын абыржыған сезіммен көрсете келіп,

сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген ауданда орналасқан қарулы күштер тарапынан ашық теңізде әртүрлі елдердің сауда кемелеріне қарақшылық шабуылдар жасалып, бұл кемелердің бастықтарына, олардың экипаждары жөнінде өрескел зорлық жасалып отырғанын анықтай келіп, Қыйыр Шығыста бейбітшілік пен хауіпсіздікті қолдауға қатер төнетін бұл агрессиялық әрекеттерді айыптайды және бұл ауданда туған жағдай үшін жауап беретін Құрама Штаттардың үкметіне жоғарыда көрсетілген агрессиялық әрекеттердің сонымен қатар әртүрлі елдердің сауда кемелеріне қарақшылық шабуылдар жасауды тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануды ұсынады».

«ФИНЛЯНДИЯ-СОВЕТ ОДАҒЫ ҚОҒАМЫНЫҢ» ОН ЖЫЛДЫҒЫ

ХЕЛЬСИНКИ, 15 октябрь. (СОТА). «Финляндия-Совет Одағы» қоғамының құрылғанына бүгін он жыл толды. Демократиялық баспасөз бұған байланысты қоғамның он жылдығына арналған басмақалалар мен басқа да материалдар жариялады. Қоғамның соңғы он жылда фин халқының қалың топтарын қамтыған бұқаралық ұйымға айналғаны атап көрсетілген. Қоғамның беделі едәуір артты, оның жұмысы жақсарды. Финляндия мен Совет Одағының арасындағы тату көршілестік қатынастарды дамыту жолында, Финляндия халқын Совет Одағындағы тұрмыс жағдайымен, совет мәдениетімен таныстыру жолында қоғам көптеген жұмыстар істеді.

кеңінен қатыстыра отырып конференция шақыру міндетін ССРО мен ҚХР таяудағы маңызды міндеттердің бірі деп санап отыр. Жапониямен қатынастарға арналған бірлескен бөлек декларацияда екі держава американ қарулы күштері жартылай оккупациялаған Жапонияның көзіргі жағдайына терең баға беріп, өздерінің Жапониямен қатынастарын бірқалыпқа келтіру, онымен сауда және мәдениет байланыстарын орнату мақсатымен қадамдар жасауға әзір екенін білдірді.

12 октябрьде совет—қытай келіссөздері нәтижесінде жарияланған басқа документтердің де орасан зор тарихи және принциптік маңызы бар. Бұл документтер ұлы екі елдің тең праволылық, өзара тиімділік және бір-бірін құрметтеу негізінде өз экономикасы мен мәдениетін жалпы өрге бастырып, гүлдендіріп отырғанын айқын көрсетеді.

Бүкіл дүние жүзінің баспасөзі 12 октябрьде жарияланған документтердің зор маңызын атап көрсетті. «800 миллионды совет—қытай одағының күші,—деп жазған Венгрияның «Сабад нап» газеті, — ССРО мен Қытай үкметтерінің мәлімдемелерінде бейнеленген бейбітшілікке деген сүйіспеншіліктен де айқын көрініп отыр.

демократиялық және бейбітшіл мемлекетке айналдыруды жақтап келді және жақтап келеді. Мұның өзі Европаның барлық халықтарының мүдделеріне сай келеді және ұлы державалар соғыс кезінде және соғыстан кейін жасасқан халықаралық келісімдерге, атап айтқанда, Потсдам келісімінің принциптеріне толық сай келеді.

Совет Одағы герман проблемасын бейбітшілікпен шешу туралы мәселе жөнінде батыс державаларымен келісімге жетуге ұмтылған талабын жуырда тағы да айқын көрсетті. Герман Демократиялық Республикасының құрылғанына бес жыл толуына арналған Берлиндегі салтанатты мәжлісте 6 октябрьде сөйлеген В. М. Молотовтың сөзіне халықаралық жұртшылық баса көңіл бөлуде. В. М. Молотов Совет Одағының герман мәселесін түбірлі шешуді жақтап отырғанын, ал Германиямен бітім договорын жасасудың мәселені осындай түбірлі шешкендік болатындығын тағыда еске салды.

Сонымен бірге В. М. Молотовтың сөзінде Германия туралы мәселені түбірлі шешу жолдарын көрсететін нақты ұсыныстар да жасалды. «Бүгінгі күні, — деді В. М. Молотов,—Совет үкметі оккупациялық әскерлерді Шығыс және Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы күрес тоқтатылсын деген американ талап тарына француз халқы тіпті де бұғынған жоқ. Ұлттық жыйналыстың өз ішінде Лондон қарарлары шын мәнісінде қосталмай отыр. Ағылшынның, «Таймс» газеті Ұлттық жыйналыстағы дауысқа қоюдың нәтижелерін «дағдылы ұғымға мүлде қайшы» деп атаған—өйткені «Лондон келісімі өзінің кезіргі түрінде депутаттардың көп бөлегінің мақұлдамауын немесе күдіктенуін тудыруда».

Ал герман халқына келетін болсақ, оның арасында немістерді зеңбірек жемтігі ретінде пайдаланудың американдық саясатына қарсы ашу-ыза күшейе түсуде.

Совет Одағы герман халқының бейбіт, демократиялық дамудың және барлық басқа халықтармен жемісті ынтымақ жасасудың тура жолын табуына көмектесін келді және көмектесін отыр. Германияның бейбітшілікпен өркендеуі халықтардың жалпыға бірдей бейбітшілігі мен хауіпсіздігін баянды ету мүдделеріне сай келген болар еді.

Б. ЛЕОНТЬЕВ.

Олленхауэрдің мәлімдемесі

ЛОНДОН, 15 октябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, батыс-германиялық социал-демократиялық партияның басшысы Олленхауэр жапон журналистерімен әңгімелескенде былай деп мәлімдеген: социал-демократиялық партия тоғыз державаның, Лондон кеңесінің Батыс Германияны қаруландыру жөніндегі мәселесін Германияны қайта қосу жолындағы кедергі деп қарайды. Бұл нәтижелер, деген ол, Батыс Германияға халықаралық міндеттемелердің ауыртпалығын жүктейді, бұл міндеттемелердің Германияны біріктіру мүмкіндіктеріне тек нұқсан келтіруі мүмкін.

Олленхауэр Германия мен Жапонияны қайта қаруландыру мәселесі жөнінде өз партиясының әскерлер топтастырудан бұрын «коммунистік державалармен келісімге жету» үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану керек деген пікірде болып отырғанын атап көрсеткен.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

ҚХР-ДА СОВЕТ ФИЛЬМДЕРІНІҢ КИНО ФЕСТИВАЛІ

ПЕКИН, 18 октябрь. (СОТА). Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығын атап өту және Қытай мен ССРО арасындағы достық пен мәдени ынтымақты онан әрі нығайту мақсатымен ҚХР Мәдениет министрлігі мен Қытай-Совет достығы Қоғамы Қытайда совет кинофильмдерінің онкүндігін өткізуді ұйғарды. Онкүндік программасында қытай тілдеріне аударылған советтің түрлі түсті көркем суретті фильмдері: «Таудағы застава», «Максимка», «Василий Бортниковтың қайтып оралуы», «Неман үстіндегі сәуле» және түсті мультипликаттар бар.

7 ноябрьде бұл фильмдер Қытайдың 18 ірі қалаларының кинотеатрларында көрсетіледі.

ФРАНЦИЯ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ

ПАРИЖ, 15 октябрь. (СОТА). Бүгін Парижда Франция коммунистік партиясы орталық комитетінің пленумы ашылды. Пленумның күн тәртібіне герман милитаризмінің қайта туғызылуына қарсы және бейбітшілікті қорғау жолындағы күрес туралы мәселе (баяндамашы—орталық комитеттің саяси бюросының мүшесі Лоран Казанова) қойылған.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«НЮРНБЕРГТЕН ШЫҚҚАН ЭКСПРЕСС»

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»

II сериясы

Сеанстар сағат 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«Главмуканың» завод басқармасына ұн заводтарында жұмыс істеу үшін жұмысшылар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылданғандар отынмен қамтамасыз етіледі.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үйге келіп, кадр бөліміне түсінік алуға болады.

№ 32 ФЗО мектебіне кочегарлар және шофер керек.

Адрес: Петропавл қаласы, жұмысшылар поселкесі, № 32 ФЗО мектебі.

Тез арада жұмысшылар керек. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Володаровск көшесі, 84 үйге жұмыс уақытында келіп түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы Карл-Либкнехт көшесі, 37-а үйде тұрушы Нина Прокопьевна Молева Петропавл қаласы, Сакко-Ванцетти көшесі, 8-үйде тұрушы Василий Иванович Молевтен айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы, 5-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02686 **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21- үй.**